



Трампың Ақ үйге қайта оралуы:

## КОНСЕРВАТИВТИ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ

2

ТАНЫМ



## АЛТЫН АДАМ ЖӘНЕ ХАҒЛИ ГЕОМЕТРИЯСЫ

7

СПОРТ



## «ҚАЙРАТ» – ЧЕМПИОН!

12

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

# МЕГАПОЛИС ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Шаһарда коммуналдық техника құрастыратын цех іске қосылды

Алматы кәсіпорындарына асфальтта құдық люктерінің саңылауын дәлдікпен кесуге арналған арнайы фрезерлік техника беріледі.



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Әуезов ауданында жеке инвестиция есебінен ашылған жаңа сауда-кеңсе ғимараты мен арнайы техниканы құрастыру цехының жұмысымен танысты.

1,8 га жер учаскесінде «Евразия СТ» компаниясы ғимаратты реконструкциялап, оған іргелес аумақты көріктендіру жұмыстарын жүргізді. Жобаның жалпы инвестиция көлемі – 3 млрд теңге, бұл 50 тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді.

Биыл қазан айында компания «Eurasia Special Machines» (ESM) коммуналдық машиналар мен жабдықтарды құрастыру цехын іске қосты. Мұнда жолдарды күтіп ұстау және тазалау үшін әртүрлі әлемдік брендтердің арнайы көлік құралдары мен жабдықтарын жинау жоспарланып отыр.

Компания болашақта техника түрлерін көбейтіп, жобалық қуатқа шыққанда жылына 30 көпфункционалды «Рору Р4» машиналары, 50 су себу кешендері, 30 қоқыс таситын машина, 50 көктайғаққа қарсы материалдарды тарататын құрал және басқа да техникалар шығарады деп күтілуде.



Алматы көшелерін санитарлық тазалауға жауапты «Алматы Тазалық» кәсіпорны бірнеше электрлі әмбебап тротуар тазалайтын машиналар, аралас жол тазалау машиналары және сұйық реагенттерді таратқыштарды сатып алды.

Кешен аумағын аралау барысында мегаполис басшысына канализациялық құдықтарға арналған неміс өндірісінің фрезерлік техникасы таныстырылды.

– Біз бұл техниканы ұзақ күттік. Баршамызға белгілі, қалада люктердің айналасындағы

асфальт негізінен қолмен өңделеді, ал бұл техника жабындыны дәл мөлшерде фрезерлеп, люктерді дұрыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл еңбек өнімділігін арттырады. Әрбір аудан және жолдардағы люктерге қызмет көрсететін су және жылумен жабдықтау кәсіпорындары осындай техникамен жабдыкталады. Қала үшін көшелерді тазалауға, жолдарды жөндеуге арналған сапалы көпфункционалды техниканың болуы маңызды, – деді Ерболат Досаев. Сондай-ақ, бұл бағытта жұмыс істейтін кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

# КИБЕРҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС:

Интернет-алаяқтардан сақ болыңыз!



Цифрландыру заманында интернет өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Электрондық поштаны тексеру, әлеуметтік желілерде араласу, банк операцияларын жүргізу, онлайн сатып алу сияқты әрекеттер енді күнделікті қажеттіліктерге айналды. Дегенмен, интернетпен бірге қауіп-қатерлер де қатар келді. Кибершабуылдар мен интернет-алаяқтары жыл өткен сайын артып, Алматы қаласының тұрғындары үшін елеулі мәселе ретінде көрініп отыр. Бүгінгі мақалада Алматыдағы киберқылмыстардың өршуі, интернет-алаяқтарының негізгі түрлері және тұрғындардың киберқауіпсіздік шараларын күшейту жолдары қарастырылады.

3

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы

12.11.2024

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты, күннің соңында жауын-шашын (жаңбыр, қар).

13.11.2024

Түнде:



-1+1 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, жолдарда мұзтайғақ.

Күндіз:



+4+6 °C

Бұлтты, жауын-шашын, кей уақытта қатты (жаңбыр, қар), тұман, жолдарда мұзтайғақ.

14.11.2024

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда мұзтайғақ.

Күндіз:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



12+





## ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

## Трампың Ақ үйге қайта оралуы:

## КОНСЕРВАТИВТІ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ

немесе жаһандық саясат қандай өзгерістер алдында тұр?

Соңғы бірнеше ай бойына жаһандық БАҚ беттерінде Америка Құрама Штаттарындағы президент сайлауы кеңінен талқыланып, түрлі болжамдар жасалған еді. Сейсенбі күні сайлау қорытындысы бойынша билікке республикалық партия атынан сайлауға түскен Дональд Трамп жеңіске жетті. АҚШ-тың 47 президенті 2025 жылы 20 қаңтарда ресми қызметіне кіріседі.

Д.Трамп соңғы он жылда халықаралық саясатта өзінің ешкім болжап білмейтін, кесіп айтып, шорт кесетін саяси мінез-құлқымен танылды. Енді алдағы бес жылда Ақ үй тізгінін ұстап, сайлау алды бағдарламасында айтылған уәделерін жүзеге асыратын болады. Д.Трампың сайлауда жеңіске жетуі, Америка қоғамындағы солшыл, либералдық ұстанымдағы азаматтарды ғана емес, сонымен қатар халықаралық саясаттағы АҚШ-тың стратегиялық одақтасы саналатын елдер басшыларын да екі ойлы ұстанымда қалдырды. Мақаламызда Д.Трампың билікке келуінің жаһандық қауіпсіздік пен халықаралық тұрақтылыққа ықпалын талдап көрейік.

• **АҚШ тарихында билік басында конституция рұқсат беретін екі мерзімде де жеңіске жеткен саяси қайраткерлер аз емес. Жалпы, 47 президенттің 16-сы билік басында екі мерзімде қызмет етті. Солардың ішінде билікке келіп, бір мерзімнен кейін билікке қайта келген президенттер тек 22-ші және 24-ші президент болған Гровер Кливленд және екіншісі АҚШ-тың 45-ші және 47-ші президенті Д.Трамп.**

• **Дональд Трампың халықаралық саясаты консервативті интернационализм деп аталады. Аталмыш саясаттың мазмұны**



(Дереккөз: finance.yahoo.com; center-grad.ru).

«Америка бірінші, бірақ жалғыз емес» деген ұстанымға саяды. II Дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан әлемдік тәртіптің архитекторы ретінде АҚШ өзін жаһандық қауіпсіздік жаршысы, одақтастарының сенімді қорғаныс ретінде танытып келген еді. Алайда, Д.Трамп бағдарламасы АҚШ-тың сыртқы саясатында толықтай өзгеріс енгізіп, оқшаулануға негізделген изоляционистік бағытты бетке алуда.

## Украина мен Таяу Шығыс

Сайлау алдындағы сөзжарыс барысында Д.Трампың «егер билікке келсем, 24 сағат ішінде Украина мен Ресей арасында соғысты толықтай тоқтатамын» деген уәдесі күллі әлем жұртына үміт сыйлап еді. Қалай болғанда да,

2025 жылдың қаңтарында президенттік қызметке толық кіріскен тұстан бастап, ресми Вашингтон тарапынан нақты қадамдар күтетіміз айқын. Сайлау қорытындысы жариялана сала, The Wall Street Journal басылымы, Д.Трампқа жақын азаматтарға сілтеме жасай отырып, Украинадағы соғысты тоқтатудың бір нұсқасын жариялады. Аталмыш нұсқа бойынша, Украина мен Ресей арасында арнайы демилитирациялық аймақ құрылып, Украинаның НАТО-ға мүшелікке өтуіне 20 жылға үзіліс жарияланады. Ресей тарапы, сәйкесінше, қазір қандай аймаққа иелік етсе, территориялық бөлініс осы сәттегі ықпал ету аймағы бойынша анықталады. Десе де, бұл нұсқа бейресми негізге не, ресми басылымда жарияланған ақпарат. Д.Трамп тарапынан ресми ұстаным, тараптарға ұсынатын шарттар жақын аралықта жарияланатын болады. Десе де, Трамп коман-

дасының құрамында Украинадағы соғысты реттеу бойынша қарама-қайшылықты пікірлер бар. Бірі – Украинаны әскери, қаржылық тұрғыдан қолдауды мүлдем тоқтатып, өз қауіпсіздігін қорғауды өздеріне тапсырайық десе, екінші бір топ – Украинадағы Ресейдің жеңісі болашақта Шығыс Еуропаның толықтай Ресей экспансиясы астында қалатынын ескертеді. Сондықтан Д.Трамп тарапынан аталмыш қақтығыстарды реттеу бойынша нақты қадамның ауаны Ақ үйде президенттің қауіпсіздік бойынша кеңесшісі, мемлекеттік хатшы қызметтеріне қандай тұлғалардың тағайындалуына байланысты болмақ.

## Америка мен Орталық Азия

Дональд Трампың 2016–2020 жылдардағы алғашқы президенттік өкілеттілігі қарсаңында АҚШ-тың Еуразия даласындағы сыртқы саясаты бәсеңдеп, Қытайға қарсы экономикалық салықтарды көтеру, қосымша құн салығын қосу сынды «сауда соғысы» барысымен өткен еді. Алайда, АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен байланысы прагматикалық негізде өрбіп, C5+1 форматында өрбіді. Жалпы, Орталық Азия аймағы Американың сыртқы саясатында 2001 жылы Ауғанстанға байланысты терроризмге қарсы соғыс жариялаған кезеңнен бастап, АҚШ үшін қауіпсіздік буферлік аймағы ретінде қалыптасқан. 2021 жылы Ауғанстаннан АҚШ әскері шығарылғаннан кейін, аймақты АҚШ ықпалы төмендей бастады. Сәйкесінше, бүгінгі таңда Орталық Азияда экономикалық, саяси тұрғыда Ресейдің, Қытайдың ықпалы белгілі бір деңгейде артып, бірнеше экономикалық маңызды жобалар жүзеге асуда. Сондықтан Д.Трамп әкімшілігі барысында Орталық Азияның Американың сыртқы саясатында ықпалы Қытайдың аймақтағы экономикалық белсенділігіне байланысты қайта артатын болады.

Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы саяси байланыстың мәні тереңде. Соңғы отыз жыл көлемінде, Ақ үй тізгіні қай партия өкілінің қолында болғанына қарамастан, мемлекетаралық байланыс стратегиялық құндылықтарға негізделіп, прагматикалық сипатта дамуда. Сондықтан АҚШ тарихындағы 47-президенттің сайлануы, Қазақстан мен АҚШ-тың байланысын дамыта түсудің келесі кезеңі айқындайтын болады.

Нұрболат  
НЫШАНБАЕВ,  
сарапшы,  
«Тұран» университеті.



## ГЕОСАЯСАТ

## МАЙЯ САНДУДЫҢ ЖЕҢІСІ

Молдованы Еуроодаққа жақын ете түспек,  
алайда ішкі саяси тәуекелдер көп

3 қарашада Молдовада президент сайлауы өтті. Молдовалықтар үшін мемлекет басшысын сайлауға екі тур қажет болды. Бірінші тур 20 қазанда өткен еді. Алайда, ешқандай үміткер 50%-дан астам дауыс жинай алмады. Осылайша бірінші турда ең көп дауыс жинаған қазіргі президент Майя Санду мен оның басты қарсыласы Александро Стоянголо екінші турға өтті. Қарымта сайлау нәтижесі бойынша Майя Санду аз да болса басымдықпен жеңіске жетті. Оның жеңісі еуроинтеграция үдерісін жылдамдата түспек. Алайда, жаңа президенттің әкімшілігіне аса күрделі ішкі саяси тәуекелдермен жұмыс істеуіне тура келеді.

## Сайлау нәтижесі қандай болды?

Биыл 17 сәуірде Молдова Парламентінің төрағасы Игорь Гросу 20 қазанда президенттік сайлауды өткізу туралы хабарлады. Сондай-ақ, бір күнде елдің Еуропалық одаққа өтуі бойынша референдум өтетіні туралы да мәлім болған еді. Бұл бастаманы Молдова Парламенті 16 мамырда мақұлдады.

Елдің конституциясына сәйкес президенттікке жасы 40-қа толған Молдова азаматы, 10 жылдан кем емес уақыт бойы оның аумағында өмір сүрген, мемлекеттік тілді жетік білетін адам үміткер бола алады. Бір адам қатарынан екі реттен артық президент бола алмайды.

Тамыз айында Молдованың Орталық сайлау комиссиясына 19 үміткерден өтініш келіп түскен. Оның 11-і ресми тіркелді. Атап өтер болсақ, Майя Санду («Өрекет пен тілектестік» партиясы), Александр Стоянголо (Социалистер партиясы), Ренато Усатый («Біздің партия»), Василий Тарлев («Молдованың болашағы» партиясы), Ион Кики («Молдованың даму және бірігу» партиясы), Октавиан Цику («Біргеміз» блогы), сондай-ақ тәуелсіз үміткерлер Ирина Влах, Андрей Нестасе, Виктория Фуртуне, Тудор Ульяновский, Наталья Морар өз бағын сынады.



(Дереккөз: Reuters).

Бірінші турда М.Санду 42,49%, ал А.Стоянголо 25,95% дауыс жинады. Екінші турда Майя сайлауға қатысқандардың 55,35%-ының (930139), ал А.Стоянголоға 44,65%-ының (750 430) қолдауына ие болды. Олардың сайлауда басты қарсыластар болары алдын ала белгілі еді.

## Шет елдегі диаспора шешуші рөл атқарды

М.Санду қалай жеңіске жетті? Оның жеңісінде шетелдегі молдовалық диаспора тікелей әсер етті. Егер шет елде өмір сүретін диаспоралар болмаса А.Стоянголо жеңіске жетер еді.

Мемлекет аумағында өмір сүретін азаматтар мен шет елдегі диаспоралардың саяси көзқарастары арасындағы қарама-қайшылықты басты үміткерлер жинаған дауыстан көруге болады. Біз жоғарыда М.Санду 55,35% дауыспен жеңгенін атап өткен болатынбыз. Бұл жалпы алғандағы нәтиже. Молдова азаматтарының 51,34%-ы (694 422) А.Стоянголоны, 48,66%-ы (658 296) М.Сандуды қолдап дауыс берген.

Диаспоралар бойынша М.Санду 82,92% (271 843) дауыс алып, айқын басымдыққа ие болды. Дауыс бергендердің жалпы саны 327 851 болды. Төменде екінші турдың нәтижесі берілген.

| Үміткерлер  | Жалпы (%) | Молдова азаматтары (%) | Диаспора (%) |
|-------------|-----------|------------------------|--------------|
| М.Санду     | 55,35     | 48,66                  | 82,92        |
| А.Стоянголо | 44,65     | 51,34                  | 17,08        |

Шет елдегі молдовалық диаспоралардың елдің ішкі саяси үдерісіне ықпалы биыл ғана пайда болған жоқ. Оларды саяси мақсатта қолдану тәжірибесі бірнеше жылдан бері жолға қойылған. Диаспоралардың басым көпшілігі Ресей, Румыния және Еуропалық елдерде өмір сүреді. Ресейдегі сайлау учаскелеріндегі сайлау нәтижесі туралы нақты ақпарат жоқ. Алайда, Еуроодақта басым көпшілік М.Сандуды қолдағанына күмән жоқ.

## Қоғамды қас жарған сайлау

Батыстық және ресейлік БАҚ пен сарапшылар М.Сандуды Еуропаға бағытталған саясаткер десе, оның қарсыласының Ресейге бүйрегі бұратынын айтуда. Ал шын мәнінде олардың көзқарастары сондай ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін үміткерлердің сайлауалды бағдарламасы мен мәлімдемелеріне үнілу қажет.

М.Санду еуропалық интеграцияны қолдайтын саясаткер екенін ашық айтып келеді. Ресейдің сыртқы саясатын қолдамайтынын да жасырған емес. Оның қарсыласы А.Стоянголо да Молдованың Еуропалық одаққа мүше болғанын қолдайтынын мәлімдеген. Бірақ ішкі саяси тәуекелдерді ескере отырып, Ресеймен де сыртқы саяси байланысты түзету керектігін айтқан. Бұл сыртқы саяси-идеологиялық тектіресте М.Санду жеңіске жетті.

Алайда, ішкі саяси бөлініс тек идеологиялық, геосаяси сипатпен шектелмейді. Тұтас мемлекет әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша да поляризацияланған. Мұны әр аймақтағы сайлау нәтижесі көрсетіп отыр. А.Стоянголо елдің солтүстік, шығыс және Гагаузия аймақтарында жеңіске жеткен. Ал М.Санду елдің астанасы Кишиневта, оңтүстік, батыс және орталық аймақтарда басым түскен. Алайда, жалпы алғанда жеңілген үміткердің ел аумағындағы үстемдігі айқын байқалады.

Екінші турда сайлауда дауыс беруге құқылы азаматтардың 54,34%-ы қатысты. Бұл Молдованың іші мен шет елдегі диаспораларды қоса алғандағы нәтиже. Ал ел ішіндегі нәтиже 48,97% болды. Бұл азаматтардың саяси институттарға сенімінің төмен екенін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткен мәселелердің бәрі ішкі саяси тәуекелдерге кіреді. Бұл сыртқы саяси тәуекелдерді үдете түсуі мүмкін. Демек, алдағы парламент сайлауы жаңадан сайланған президентке ауыр соққы болуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.







ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

# КИБЕРҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС:

(Басы 1-бетте)

## Азаматтардың жеке мәліметтеріне қауіп төніп тұр

Алматы қаласы еліміздегі ең ірі экономикалық және мәдени орталық болып табылады. Мұнда банк жүйелері, ірі компаниялар, шағын және орта бизнес өкілдері шоғырланғандықтан, кибершабуылдардың басты нысанасына айналды. Статистика бойынша, соңғы жылдары киберқылмыс түрлері күрт өсіп, азаматтардың қаржылық және жеке мәліметтеріне қауіп төндіріп отыр. Интернет арқылы жасалатын қылмыстардың көбеюі, әсіресе пандемия кезінде, адамдардың көпшілігі қашықтан жұмыс істеп, онлайн қызметтерді көбірек пайдалануға мәжбүр болған кезеңде байқалды.

Киберқылмыстардың Алматыда жиі кездесетін бірнеше негізгі түрлері бар. Олардың кейбіреулері азаматтардың қаржылық шығынға ұшырауына, ал кейбіреулері құпия мәліметтердің жария болуына әкеліп соғады.

**Фишинг шабуылдары.** Фишинг – бұл алаяқтықтың ең кең тараған түрі, мұнда қылмыскерлер қолданушылардың жеке деректерін, мысалы, банктік мәліметтерін, логин, құпиясөздерін алдау арқылы тартып алады. Олар бұған электрондық пошта немесе мәтіндік хабарламалар арқылы қол жеткізеді, әдетте белгілі бір банктің немесе компанияның атынан жазылған хабарламалар арқылы.

**Банк карталарының деректерін ұрлау.** Қазіргі кезде интернет арқылы онлайн төлем жасау кең тарағандықтан, қылмыскерлер банк карталарының мәліметтерін ұрлауға жиі ұмтылады. Олар төлем парақшаларын жалған жасап, қолданушылардан мәліметтерді жинап алады.

**Интернет-дүкендердегі алаяқтық.** Кейбір алаяқтар жалған интернет-дүкендер құрып, клиенттерден алдын ала төлем алып, бірақ тауарларды жеткізбейді. Бұл, әсіресе, әлеуметтік желілер арқылы таралатын алаяқтық түрлерінің бірі.

**Жеке мәліметтерді ұрлау және әлеуметтік инженерия.** Қылмыскерлер адамдардың жеке ақпараттарын жинау арқылы оларды бопсалау немесе пайдалану мақсатында әлеуметтік инженерия әдістерін қолданады. Бұл әдістерді қолдану арқылы алаяқтар өз құрбандарынан ақша талап етеді немесе құнды ақпарат алады.

**Зиянды бағдарламалар арқылы шабуылдар.** Киберқылмыскерлер түрлі вирус немесе зиянды бағдарламалар арқылы қолданушылардың құрылғыларына шабуыл жасайды. Мұндай бағдарламалар құпия мәліметтерді ұрлауға немесе құрылғыларды бұғаттауға мүмкіндік береді.

## Банк саласындағы алаяқтық

Банк қызметтері мен қаржылық операциялар кең таралған алаяқтық әрекеттерге ең бейім салалардың бірі болып табылады. Қазақстанда және әлемде онлайн-банкінг

## Интернет-алаяқтардан сақ болыңыз!

пен төлем жүйелерінің дамуы алаяқтықтың жаңа түрлерін туғызды. Ең көп кездесетін алаяқтық түрлеріне төмендегілер жатады:

**Скимминг (Skimming):** Бұл жағдайда алаяқтар банкоматтардың карталарды оқу құрылғыларына арнайы құрал орнатып, картаның магниттік жолағынан ақпаратты көшіріп алады.

**Онлайн-банкінг жүйелері** арқылы жеке шоттарға қол жеткізуді мақсат еткен хакерлік шабуылдар.

**Сақтану жолдары:** Тексерілген платформаларды пайдалану. Тек сенімді сайттар мен қосымшаларды қолданыңыз, банктік ақпаратты ешқашан күмәнді хаттар немесе қоңыраулар арқылы бермеңіз. Көптеген банктер екі кезеңді қорғауды қолдайды. Бұл жүйе арқылы шотыңызға рұқсатсыз кіру әрекеттерін болдырмауға болады. Антивирус және заманауи қауіпсіздік жүйелерін пайдалану қажет. Компьютеріңізді немесе мобильді құрылғыларыңызды қорғау үшін сенімді антивирус және брандмауэр орнатыңыз.

## Бірдей мүлікті бірнеше адамға сатады

Жылжымайтын мүлік сатып алу немесе жалға алу кезінде де алаяқтық жиі кездеседі. Бұл саланың күрделілігі және құжат айналымының көп болуы – алаяқтар үшін оңтайлы жағдай туғызады. Ең көп таралған алаяқтық түрлеріне тоқталайық. Біріншісі, қос сатылым жасау. Бірдей мүлікті бірнеше адамға сататын алаяқтар кездеседі. Құжаттардың дұрыс тексерілмеуі және сенімсіз мәмілелерге жол берілгенде бұл мәселе туындайды. Екіншісі, жалған агенттер. Алаяқтар өзін жылжымайтын мүлік агенті ретінде таныстырып, клиенттерден аванстық төлем алады, кейіннен ізім-ғайым жоқ болып кетеді. Үшіншісі, жалған құжаттар. Алаяқтар жалған меншік құжаттарын жасайды, осылайша сатып алушыларды алдап, үлкен шығынға ұшыратады. Сондықтан жылжымайтын мүлік құжаттарға өте мұқият болып, сақтану жолдарын қарастырыған жөн.

**Құжаттардың түпнұсқалығын тексеру.** Сатып алу-сату келісім-шарттарын жасамас бұрын құжаттарды арнайы заң кеңесшісі арқылы тексерту қажет.

**Сенімді агенттіктерді тандау.** Жылжымайтын мүлік сатып алу немесе жалға алу кезінде тек лицензиясы бар, беделді агенттіктермен жұмыс жасаңыз.

**Мәмілені ресми түрде тіркеу.** Мүлік сатып алуды міндетті түрде мемлекеттік тіркеу орындарында рәсімдеңіз. Бұл қадам алаяқтық әрекеттерден сақтайды.

## Жалған жұмыс ұсыныстарынан абай болыңыз

Жұмысқа орналасу кезінде де алаяқтық кең таралған. Алаяқтар жұмыс іздеушілерге жалған жұмыс орындарын ұсынып, олардан түрлі төлемдер немесе құжаттарды талап етуі мүмкін. Ең жиі кездесетін алаяқтық түрлері бар. Жалған жұмыс ұсыныстарынан абай болыңыз. Алаяқтар жоғары жалақы, икемді жұмыс кестесі сияқты тиімді ұсыныстармен жұмыс іздеушілерді тартады. Олар алғашқы кезеңде белгілі бір «сұхбат» немесе «оқыту» үшін алдын ала төлем жасауды талап етеді. Жұмыс визаларын алу. Шет елде жұмысқа орналастыру сылтауымен құжаттарға заңсыз жолмен ақша жинау әрекеттері кездеседі. Жалған оқыту және сертификаттау. Кейбір алаяқтар жалған оқыту курстарын ұсына отырып, олардың сертификаттары арқылы жақсы жұмыс табуға болатынына сендіреді.

Сондықтан жұмысқа орналасу туралы ұсыныс алғанда, жұмыс беруші ұйымды интернеттен тексеріңіз, басқа адамдардың пікірлерін оқыңыз. Жұмыс беруші талап етсе, ешқашан алдын ала төлем жасамаңыз. Белгілі бір ірі компаниялар тек ресми электрондық пошта арқылы хат жазады. Егер байланыс жеке пошта арқылы болса, бұл күмән тудырады.

## Антивирус бағдарламаларын орнату өте маңызды

Алматы тұрғындары киберқауіпсіздік шараларын сақтау арқылы кибершабуылдардан қорғана алады. Мына кеңестер интернет-алаяқтарының тұзағына түспеуге көмектеседі. Құпиясөздерді жиі өзгертіп отыру қажет. Күшті және күрделі құпиясөздерді қолдану өте маңызды. Әрбір интернет есепшотыңызға бірегей құпиясөз қолданып, оларды белгілі бір уақыттан кейін ауыстырып отыру. Фишингтен сақтаныңыз. Электрондық пошта арқылы келген бейтаныс сілтемелерге өтпеу керек.

Егер күмәнді хабарлама алсаңыз, оны мұқият тексеріп, мекеме немесе банктің ресми сайттарына хабарласыңыз. Антивирус және брандмауэр пайдалану керек. Құрылғыларыңызда заманауи антивирус бағдарламаларын орнату өте маңызды. Олар зиянды бағдарламалар мен вирустардан қорғайды. Брандмауэрді қосу арқылы қосымша қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етуге болады. Жеке ақпаратты құпия сақтап ешкімге айтпаған жөн. Жеке мәліметтеріңізді әлеуметтік желілерде немесе бейтаныс сайттарда бөлісуден аулақ болыңыз. Құпия мәліметтерді тек сенімді сайттарға ғана енгізіңіз.

Жалған интернет-дүкендерден сак

болыңыз. Егер бір сайтта тауарлар күмәнді түрде арзан бағамен ұсынылса, оның жалған болу ықтималдығы бар екенін ескеріңіз. Әрқашан интернет-дүкендердің пікірлерін оқып, сенімді сайттарды қолданыңыз. Қос факторлы аутентификация пайдаланған абзал.

Онлайн шоттарға қосымша қорғау үшін қос факторлы аутентификацияны (2FA) орнату арқылы олардың қауіпсіздігін арттыруға болады. Бұл шоттарды қосымша қорғайды. Сақтықпен интернет төлемдер жасау арқылы қорғануға болады. Тек сенімді және сертификатталған төлем жүйелерін қолданыңыз. Жеке банк картасының мәліметтерін кездейсоқ сайттарда енгізуден аулақ болыңыз.

## Киберқауіпсіздік технологияларын енгізу қажет

Киберқылмыстарға қарсы күресте тек жеке қауіпсіздік шаралары жеткіліксіз. Мемлекеттік органдар мен қоғам бірлесе отырып, киберқауіпсіздікті күшейту үшін түрлі шаралар қабылдауы тиіс.

Алматыда киберқылмыстарды азайту мақсатында полиция департаменті, арнайы киберқауіпсіздік орталықтары және білім беру мекемелері халықты ақпараттандыруға күш салуда.

Тұрғындарға арналған тренингтер мен семинарлар өткізілуде. Алматыда азаматтарды киберқауіпсіздік негіздерімен таныстыру мақсатында арнайы тренингтер мен семинарлар өткізілуі тиіс. Бұл шаралар адамдардың интернет қауіпсіздігін сақтау туралы білімін арттырады.

Киберқылмыспен күрес қызметтерін дамыту маңызды. Мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары киберқылмыспен күрес бөлімдерін дамытып, қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеруі қажет.

Құқықтық реформалар қабылдау. Киберқылмыстарға қатысты заңдарды жетілдіру және қылмыскерлерді қатаң жазалау арқылы бұл салада тәртіп орнатуға болады.

Киберқауіпсіздік технологияларын енгізу қажет. Алматы қаласындағы мемлекеттік мекемелерде заманауи киберқауіпсіздік құралдарын енгізу арқылы олардың ақпараттық қауіпсіздігін арттыруға болады. Қазіргі заманда жаңа технологиялар арқылы қауіпсіздік шараларын күшейту маңызды.

Азаматтарға қолдау көрсету орталықтарын дамыту. Кибершабуылға тап болған азаматтарға көмектесетін арнайы орталықтар ашып, оларды құқықтық көмекпен қамтамасыз ету қажет.

## ● ТҮЙІН:

Алматыдағы киберқылмыстардың артуы – заманауи қоғамның басты мәселелерінің бірі. Интернет-алаяқтары мен басқа да киберқылмыс түрлері азаматтардың мүлігі мен құпия мәліметтеріне үлкен қауіп төндіреді. Бұл мәселелермен күресу үшін әрбір азамат өзінің киберқауіпсіздігін сақтауға тырысып, ұсынылған сақтық шараларын орындауы қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар да киберқауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөліп, бұл саладағы алдын алу шараларын күшейтуі қажет. Алматы тұрғындары киберқылмыстың зардабын азайтып, интернет әлемінде өздерін қауіпсіз сезіну үшін жоғарыда айтылған ұсыныстарды ескеріп, өздерін қорғау үшін барынша әрекет жасауы тиіс.



Бетті әзірлеген  
Ернұр РЫСБАЙ.



## ЕҢБЕК АДАМЫ–2024

## ӘКІМ

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОРДАСЫ

Алматыда 1972 жылы салынған мектепті күрделі жөндеу аяқталды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары аясында Әуезов ауданындағы №9 жөнделген мектепті аралады.



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда 1972 жылы салынған мектепті күрделі жөндеу аяқталды. Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын салынған 1200 оқушыға арналған мектеп ғимараты 20 жылдан астам уақыт бойы күрделі жөндеу жүргізілмеген. Алдында болған жұмыс сапары кезінде қала басшысы мердігерге бірқатар тапсырмалар берген еді, атап айтқанда, ғимараттың кіреберіс тобын кеңейту, іргелес аумақта арықтарды жабдықтау. Қолданылатын материалдардың сапасына және мектептің заманауи жабдықталуына ерекше назар аудару.

Қала басшысының айтқан ескертулерінен соң жөндеу жұмыстары кезінде ғимарат сейсмикалық күшейтілді, шатыр, жылу жүйесі, сумен жабдықтау және су бұру желілері жөнделді. Оқу орнының аумағы абаттандырылды, спорт стадионының негізі қайта қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша денешынықтырумен айналысу үшін шағын фут-



бол және баскетбол алаңдары, үстел теннисіне арналған алаң, ашық ойындар мен тренажерлер орнатылды. Мектептің периметрі бойынша қоршаулар ауыстырылды.

Мектеп оқушылары барлық жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін 6 қарашада жаңартылған ғимараттың парталарына оралды.

«Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, мектептер, балабақшалар салу және оларды жаңғырту – біз жүргізіп жатқан жұмыстың басымдығы. Қалада шағынаудандарда салынған мектептер заманауи стандарттарға әкеледі. Мысал ретінде №9 мектеп болып табылады және осы бағыттағы жұмыс жалғасады», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

## КЕРЕК ДЕРЕК

- Әуезов ауданында барлығы 55 мектеп бар, оның ішінде 33 мемлекеттік және 22 жекеменшік мектеп, онда 59 мың оқушы оқиды.
- Алғашқы жайлы мектеп қыркүйек айында ашылған. Жаңа мектеп №97 мектеп-гимназияның орнына салынды. Бұрынғы ескі мектеп 60 жылдан соң апатты деп танылды және бұзылды.

## БЕЙБІТ ЗАМАННЫҢ БАТЫРЫ

«Бүгінгі күннің батырлары» дегенде бірден ойға түсетін мамандық – өрт сөндірушілер мен құтқарушылар. Бейбіт заманда өз өмірін қауіпке тігіп, аяуды да, қорқуды да білмейтін тілсіз жаумен алысатын батырлар алғыс пен құрметке лайық. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде айтып өткен болатын: «Құтқарушы болу – қиын әрі қатерлі жұмыс. Шын мәнінде, бұл – нағыз ержүрек азаматтардың кәсібі. Төтенше жағдай мамандары жұмыс барысында талай ерлік көрсетті. Басқа адамдардың өміріне араша түсіп, қаза тапқан құтқарушылар аз емес. Батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмауы тиіс». Көп жылдар бойы алдыңғы шепте тілсіз жаумен алысып, талай адамның аман қалуына себепші болған алматылық құтқарушы, нағыз еңбек адамы – Мейрамбек Кулназаров.

Досбол  
АТАЖАН

Бейбіт заманның батыры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енді. Ол бүгінгі күні Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі топтың бас маманы ретінде жұмыс істейді.

Мейрамбек Кулназаров өрт сөндіруші ретіндегі жұмысын 2002 жылы бастаған. Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінде бас маман қызметіне ауысқанға дейін көптеген қауіпті төтенше жағдайлардың қақ ортасында жүріп, талай адамның өмірін құтқарып қалды. Атап айтқанда, 2017 жылы мегаполистегі «Red Scorpion» кешенінде болған өрт кезінде баспалдақ арқылы бір топ адамды алып шыққан. Бұл оқиға кезінде құтқарушылар барлығы 30 адамның өмірін аман сақтап қалды. Тілсіз жаудан тайынбаған құтқарушы ержүрек ерлігі үшін Президент қолынан «Айбын» орденімен марапатталды.

Мейрамбек Кемелбекұлы туған жері – Қошқарата ауылында орналасқан Абай атындағы орта мектепті 1997 жылы бітірді. Одан кейін жас жігіт Отан алдындағы борышын өтеуге Өскемен қаласына аттанады. Өскерден соң ол Алматы қаласына арман қуып келеді. Алғашқыда сауда ісімен айналысады. Бірақ жиен ағасының кеңесімен абыройлы да жауапты жұмыс – өрт сөндіруші болуға шешім қабылдайды. Осылайша ол 2002 жылы Алматы қаласының №6 өрт сөндіру бөліміне өрт сөндіруші-құтқарушы болып жұмысқа кіріседі.

– Өрт сөндірушінің жұмысы оңай емес. Қанша оттан өткен тәжірибелі маман болсаң да, келесі оқиға кезінде алдында не күтіп тұрғанын білмейсің. Қанша уақыт, қандай қиындықтан өтетінінді таңдамайсың. Тілсіз жаудан демалыс сұрай алмайсың. Бірақ ештеңеге қарамай арпалысуың қажет. Себебі, адамдар саған үміт артады. Сен адамдардың өмірін сақтап қалуға себепші боласың, – деп атап өтті ол.

Мейрамбек Кемелбекұлы 2012 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қоршаған ортаны қорғау және адам өмірінің қауіпсіздігі» факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 2017 жылы тәмамдайды. 17 жыл алдыңғы шепте жүріп, қаламыздың түкпір-түкпірінде жалынның жайылуына жол бермеген құтқарушы кейінгі жылдары Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің бас маманы қызметіне ауысады. Жалпы, осы салада жүргеніне 23 жыл болған.

Мейрамбек Кулназаров бүгінгі күні жан жарымен бірге бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. «Екеуі де мемлекеттік қызметші болғанын қалаймын» дейді ол. Жұмыс уақытында сабырлы да салмақты қызмет атқаратын маман үйде балалық арманын орындап, домбырамен ән айтқанды ұнатады.

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

Алматыда кезекті жайлы мектептің құрылысы аяқталуда. Шаһар басшысы Ерболат Досаев Наурызбай ауданын аралау барысында 1500 орынды жайлы мектептің құрылысымен танысты.

Білім беру мекемесінің құрылысы өткен жылдың тамыз айында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында басталды. Онда оқыту бір ауысымда өтеді.

Наурызбай ауданында барлығы 12 мемлекеттік мектеп, 16 жекеменшік және НЗМ жұмыс істейді, онда 32 мың бала оқиды. Халықтың өсуі мен белсенді тұрғын үй құрылысын ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығы сақталуда. Биылғы оқу жылында осы ауданда оқушы орындарының тапшылығы 4 мыңнан астам орынды құрады. Ол үшін ауданда 6900 орынды жаңа мектептердің құрылысы мына мекенжайларда жүргізілуде: «Алем Сити» ТК, «Алма Сити-4» ТК, «Құрамыс» шағынауданы және Сәбденов көшесі. Сонымен қатар, өткен жылы «Шұғыла» шағынауданындағы №174 мектепке 375 оқушыға арналған қосымша құрылыс басталды.

Қала басшысы жұмыс сапары барысында келесі оқу жылына қалалық мектептердің бір бөлігі бір ауысымдық оқуға ауыстырылатынын атап өтті.

– 2025 жылдың 1 қыркүйегіне қарай «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру-



дың арқасында қала бойынша оқушы орнының тапшылығы 30 мыңға жуық оқушы орынға азаяды деп жоспарлануда. Болашақта оқушылар санының 3-4 мыңға өсуіне орай жыл сайынғы тапшылық қала жаңа мектептер, толықтырулар мен реконструкциялар салу арқылы біртіндеп жабылатын болады, – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Нысанды аралап шыққан қала басшысы барлық жұмыстарды белгіленген кестеге сәйкес, атап айтқанда, осы жылдың соңына дейін аяқтауды және олар-

дың жоғары сапасын қамтамасыз етуді тапсырды.

Мектеп салумен қатар, қалалық мобильділік басқармасы мектепке кіреберіс жолды және 70 көлікке арналған паркінгті ұйымдастырумен де айналысады. Жыл соңына дейін ұзындығы 605 м. жолдың бүкіл учаскесінде асфальтбетон жабынының төменгі қабатын орнату бойынша марапаттау Астана қаласының Оқушылар сарайында өтіп, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев байқау жеңімпаздарының әрқайсысына 3 692 000 млн теңге (1000 АЕК) мөлшерінде ақшалай сертификаттар мен төсбелгі табыс етті.

## БАЙҚАУ

## АЛМАТЫ ҰСТАЗДАРЫ ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі мұғалімдердің мәртебесін көтеріп, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында жыл сайын «Үздік педагог» республикалық байқауын өткізіп келеді.



Рая  
ЕСКЕНДІР

Биыл да байқау тартысты өтті. Еліміздің барлық өңірінен жиналған кіл жүйрікпен жарысқан Алматы қаласы-

ның 4 бірдей ұстазы оза шауып, жүлде алып отыр.

Алматы қаласының атынан қатысқан №178 мамандандырылған лицейдің математика пәні мұғалімі Лунара Амабекова, №178 мамандандырылған лицейдің биология пәні мұғалімі Айлана Айдарова, №92 мамандандырылған ли-





## ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Ескі құбырлар  
жаңартылып  
жатыр

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданында жұмыс сапары барысында «Мамыр-4» шағынауданындағы инженерлік желілердің құрылысы барысымен танысты.

Бұл шағынауданда жаңғыртуға дейін тұрғындар 1980–1990 жылдары салынған желілер пайдаланып келген, олар 90% тозған. Биылғы тамыз айында қала әкімінің тапсырмасымен «Мамыр-4» шағынауданында сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу жұмыстары басталды. Жалпы ұзындығы – 12,3 км: сумен жабдықтау желілері – 6,5 км, су бұру желілері – 5,8 км. Инженерлік желілердің құрылысы биыл осы шағынаудандағы 14 өтпелі жолда өтеді.

Қазіргі таңда су бұру желісінің 2 км және сумен жабдықтау желісінің 1,5 км салынған. Жоба 750-ден астам тұрғыны бар 197 үйді қамтиды. Құрылысты келесі жылдың тамызы айында аяқтау жоспарланған.

2025 жылы тағы 4 көшеде – Абай даңғылы, Момышұлы, Саин және Мұстай Кәрім көшелерінде желілерді салу жоспарлануда.

Ерболат Досаев Әуезов ауданының әкіміне «Мамыр-4» шағынауданында инженерлік желілерді салу жұмыстарын сапалы және белгіленген кестеге сай аяқтауды тапсырды. Қала басшысы барлық үйді жаңа желілерге уақытылы қосу және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту қажеттігін атады.

Айта кетейік, Алматыда инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту белсенді түрде жүргізілуде. Биылғы жылдың 9 айында 219 км жаңа сумен жабдықтау және су бұру желілері салынды, 27,3 км қолданыстағы желілер жаңғыртылды. 2025 жылы тағы 240 км желі салу және 48 км желіні жаңғырту жоспарланған.

Осылайша қабылданған шаралар кешені арқасында шамамен 100 мың қала тұрғыны үшін инженерлік желілердің жоғары тозуына байланысты сумен жабдықтау және су бұрудың көпжылдық мәселесі шешіледі.

## «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Алматыда 2025 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 300-ден астам жоба жүзеге асырылады.

«Халық қатысатын бюджет» (ХҚБ) бағдарламасы аясындағы дауыс беру қорытындысы бойынша іске асырылатын жобалардың саны 308 болды. Аудандық әкімдіктер мен сараптамалық кеңестер budget.open-almaty.kz сайтында өткен онлайн дауыс беру нәтижесін қорытындылады. Жалпы алғанда, жобаларға 163,5 мың дауыс берілді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 31%-ға артық. Ең көп жоба ұсынған Алатау ауданында – 50, одан кейін Алмалы ауданында – 45 жоба, Әуезов және Бостандық аудандарында – 42 және 41 жоба мақұлданды. Ең азы Наурызбай ауданында – 26 жоба.

Айта кетсек, ХҚБ-ның 2025 жылға арналған әр аудан бойынша сараптамалық кеңестердің шешімдері «Құжаттар» бөлімінде жарияланған. Әрбір өтінімнің мәртебесін «Жобалар» қосымша бетіндегі «Мәртебе» сүзгісі арқылы тексеруге болады.

Естеріңізге сала кетейік, онлайн дауыс беру 2024 жылы 22 қазан мен 1 қараша аралығында өтті, нәтижесі 7 қарашаға дейін қорытындыланды. Келесі кезеңде бюджет

## ӘКІМ

## «ШҰҒЫЛАДАҒЫ» БАЛАБАҚША

жыл соңына дейін балаларды қабылдай бастайды

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» шағынауданында жаңадан салынған балабақшаны қарап шықты.

320 орынды мектепке дейінгі ұйымның құрылысы 2022 жылдың мамырда басталған болатын. Жоба екі бөлікке бөлінді – ғимаратты тұрғызу және аумақты көріктендіру мен инженерлік желілерді салу. Алайда, мердігер ұйымдардың шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты жобаның іске асу мерзімі кешікті.

Осыған байланысты Құрылыс басқармасы «Астана-Стройинвест» корпорациясы ЖШС және «Теплоэнергострой» ЖШС-ға қатысты мемлекеттік сатып алуларға міндетіне салғырт қарайтын жауапсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы сот талаптарын берді. Бірінші мердігерге қатысты талап-арыз толық қанағаттандырылды, ал екінші талап қаралуда.

Қазіргі уақытта балабақшаның құрылысы мен ішкі әрлеу жұмыстары толығымен аяқталды, аумақ абаттандырылып, қажетті жабдыктар орнатылды. Сондай-ақ, барлық инженерлік желі тартылып, қосылған. Яғни нысан толық аяқталып, пайдалануға беру рәсімдері жүргізілуде.

Ғимаратта балаларға арналған арнайы оқу орындары, соның ішінде гимнастика және музыка сабақтарына арналған залдар, сондай-ақ қызметкерлерге арналған бөлмелер қарастырылған. Жоспарлау шешімдері әртүрлі топтардың бір-бірінен және әкімшілік-шаруашылық бөлмелерден барынша окшаулану қағида-сын қамтамасыз етеді.

## СОТ ШЕШІМІ

## ЗАҢСЫЗ НЫСАН БҰЗЫЛДЫ

Алматы қаласы Құрылысын бақылау басқармасы қала аумағында заңсыз салынған құрылыстарды анықтап, оларды жою бойынша белсенді жұмыстар атқаруда. Соның бірі – Курильская көшесі, 11-үй бойындағы екі қабатты ғимарат. Басқарманың мәліметінше, бұл ғимарат рұқсатсыз тұрғызылған, сондықтан сот шешімімен бұзылуға жатады.

Ернұр  
РЫСБАЙ

Ғимараттың иесі – Danil ЖК тұрғын емес үй-жайдың меншік иесіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде құ-



Нысанды тексеру қорытындысы бойынша қала басшысы құрылыс және білім беру басқармаларының басшылығына бірқатар кемшілікті көрсетіп, оларды қысқа мерзімде жоюды жүктеді.

«Аудан белсенді дамуда және жақын маңдағы үйлердің тұрғындары үшін әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында осы шағынауданда тағы бір балабақша салу туралы шешім қабылданды. Халық оның ашылуын күтіп отыр, сондықтан барлық ескертуді жедел түрде жойып, жыл соңына дейін балабақша балаларды қабылдай бастау керек», – деді Ерболат Досаев.

## КЕРЕК ДЕРЕК

Наурызбай ауданында 148 балабақша жұмыс істейді.

Келесі жылы орын тапшылығын азайту мақсатында тағы екі 320 орынды балабақшаның құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«ҚАРҒАЛЫ» СҮЗГІ  
СТАНЦИЯСЫ

50 мыңнан астам тұрғынды орталық коммуникациялармен қамтамасыз ететін болады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданына жұмыс сапары барысында «Қарғалы» сүзгі станциясының кәріз коллекторын салу бойынша ауқымды жобаны іске асыру барысымен танысты.

Бұл ауданда су бұру мәселесін түбегейлі шешу үшін 2023 жылдың соңында «Қарғалы» сүзгі станциясы салынды. Бұл станцияның толық жұмыс істеуі үшін кәріз коллекторының құрылысы қажет.

«2019 жылы «Қарғалы» сүзгі станциясын жобалау кезінде кәріз коллекторының құрылысы ескерілмеген. Осы кемшіліктерді жою және жұмыстың дұрыс реттілігін қамтамасыз ету үшін біз қазір магистральдық желілерді жүргіземіз, содан кейін оларды бөлетін боламыз. Коллектордың құрылысы аяқталғаннан кейін ол «Қарғалы» сүзгі станциясына қосылады, бұл тұрғындарды тұрақты сумен және орталықтандырылған кәрізбен қамтамасыз етеді», – деді Ерболат Досаев.

Коллектордың жалпы ұзындығы 8,6 шақырым, жұмысты энергетика және сумен жабдықтау басқармасының және аудан әкімдігінің тапсырысы бойынша екі мердігер ұйым – «НКО» және «Келсай Строй» ЖШС жүргізеді. Бүгінгі таңда жобаның дайындығы коллектордың жалпы көлемінің шамамен 70%-ын құрайды. Құрылыс-монтаж жұмыстарын осы жылдың қараша айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Жобаны іске асыру «Қарағайлы», «Құрамыс», «Қарғалы» және «Таусамалы» шағынаудандарының 50 мыңнан астам тұрғыны үшін су бұруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл қарқынды дамып келе жатқан ауданда экологиялық қауіпсіздікке ықпал етеді, ластану қаупін азайтады және халықтың санитарлық жағдайын жақсартады.

Қала басшысы Наурызбай ауданының әкімі мен энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысына жұмыстардың орындалу қарқынын жеделдетуді және коллектор құрылысының сапалы, уақытылы аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Бетті әзірлеген  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

## ОНЛАЙН ДАУЫС БЕРУ

нәтижесі қорытындыланды



өтінімдерін қалыптастыру 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Жобалардың 2025 жылы жүзеге асырылады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы туралы кеңес немесе ақпарат алу үшін аудандық әкімдіктерге немесе Алматы әкімдігінің қоғамдық қабылдау бөлмесі Open

Almaty-ға 224 39 29 (ішкі 203) телефоны арқылы хабарласуға болады.

## КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2024 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру 18,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылы 12,9 млрд болған).

Қазіргі уақытта аудандық әкімдіктер 2023 жылы дауыс беру нәтижесі бойынша жеңімпаз болған жобаларды жүзеге асыруда.

Бүгінгі күнге дейін 2019–2023 жылдар аралығындағы өтінімдер бойынша 1186 жоба жүзеге асырылды.





● ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 10 ЖЫЛ!

# АЛМАТЫ МЕДИА-ФОРУМЫ

журналистер арасындағы ынтымақтастық пен ортақ құндылықтарды насихаттаудың ортақ алаңы

Кеше мегаполисте «TURKTIME: ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ МЕДИА ЖӘНЕ ТУРИЗМ БІРЛІГІ» тақырыбында IV Халықаралық Түркітілдес журналистер медиа-форумы ашылды.

IV Халықаралық түркітілдес журналистер медиа-форумы – әлемнің түкпір-түкпірінен БАҚ өкілдері жиналып, маңызды мәселелер мен болашақ стратегиялар жайлы кеңесетін тамаша мүмкіндік.



Жылдағы дәстүрге сай медиа саласы мамандарының басын қосқан алқалы жиынға еліміздің әр аймағынан келген БАҚ өкілдері, Орталық Азияның БАҚ басшылары, ақпарат және туризм саласына қатысты мемлекеттік органдар, депутаттар, PR менеджерлер, медиа саласындағы үкіметтік емес ұйым өкілдері, туризм саласының мамандары және Түркия, Өзбекстан, Германия, Ұлыбританияның үздік спикерлері қатысып, бүгінгі ақпарат кеңістігіндегі өзекті мәселелерді талқылады.

Медиа форум алғаш рет 2018 жылы Стамбулда өткен болатын. Биылғы форумның бірінші күні «Түркі елдеріндегі геосаяси ахуал және медиа нарық», «Түркі елдеріндегі туризм және PR», «Ақпаратты тұтынудың болашағы: жасанды интеллект, жаңа форматтар», «Аймақтық БАҚ және бәсекелестік» деген тақырыптарда сессиялар өтті. Келесі күні БАҚ өкілдеріне арналған семинар-тренингтер ұйымдастыру жоспарланған.

«Басты мақсат – түбі бір түркі елдерін жақындастыру, қазақ журналистердің білім-біліктілігін арттыру» деген Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы масс-медиа маманда-

рының бесінші форумы Брюссель қаласында өтетінін хабарлады.

«Осыдан екі ай бұрын Еуропаға сапарымда Германия, Бельгия, Нидерланд сынды он бір қаласында болдым. Депутаттармен, әкімдермен кездестім. Брюссель қаласындағы Сен-Жосс-тен-Ноде ауданының әкімі Эмир Кир келесі форумды Брюссельде өткізуге ұсыныс жасады. Біз қабыл алдық.

Түркітілдес журналистер медиа форумының мақсаты – қазақ журналистерінің

кәсіби білімін арттыра отырып, түркі медиа кеңістігіне шығару, әлемдік деңгейде дамуға ықпал ету. Сонымен қатар, жаңа жобалар жасай отырып, тегін баспасөз турлар, семинар-тренингтер, вебинарлар өткізуді көздейміз», – дейді Нәзия Жоямергенқызы.

«Бүгінгі басқосу елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, ортақ құндылықтарды бірлесе дамытудың тамаша үлгісі деп білеміз. Қазіргі таңда ақпарат-

тық технологиялар мен цифрлық медиа саласы қоғам және мемлекет арасындағы байланыста айтарлықтай үлес қосып келеді. Осы тұста журналистердің қоғамға шынайы әрі объективті ақпарат берумен қатар, елдер арасындағы көпір рөлін атқаратын маңызды тұлға екенін айта кеткен жөн. Алматы әкімдігі осындай игі бастамаларды қолдауға әрдайым әзір», – деді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Марлен Райс.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Есенгүл КӘПҚЫЗЫ,  
журналист, ақын, ф.ғ.к.:

## ҚАЗАҚТІЛДІ МЕДИАДА ЖАЛҒАН АҚПАРАТ КӨП

Жасанды интеллект – біздің қазақ журналистикасындағы тың тақырыптардың бірі. Тоқсаныншы жылдардың басында газет пен принт медианың дәурені жүріп тұрған кез болатын. Кейін 2000 жылға қарай алғашқы сайттар пайда болды. Сол кезде біздегі аға буын өкілдері интернет дегеннен қорқатын. Тіпті, электронды поштаны ашуға қорқатын. Жалпы, жаңа технологиядан айналып өткісі келетін. Бірақ бұл жаңа жүйе өз дегенін істеді, интернет біздің санамызды жаулап алды. Қазір ешкім газет пен журналды іздеп жүріп оқымайды. Тіпті, теледидардан жаңалық көретін адамдар да азайды.

Бүкіл технологияның тілі – ағылшын тілі. Одан кейін орыс тілі сияқты өзге де тілдерге адаптацияланады да, ал жергілікті тілдерге өту ұзақ уақытты алады. Жаңа технология енгеннен кейін бізде мынандай мәселе пайда болды. Интернетте қазақ тілінде ақпарат өте аз. Қай тілде ақпарат көп болса, жасанды интеллекттің сол тілде сапалы жұмыс істейтін мүмкіндігі бар. Тағы бір өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілді медиада жалған ақпарат өте көп. Ешкім оған филтрация жасамайды. Мысалы, сіз Фейсбукке тақырыбын айқайлатып, бір ақпарат салдыңыз. Ертесіне сол тақырып қазақтілді сайттарда жүреді. Сол ақпарат шын ба, өтірік пе, ешкім тексеріп жатпайды. Қазақ журналистикасында этика, ақпаратты тексеру, ақпараттың шынайылығына назар аудару деген мәселені игере алмай жүрген кезде жасанды интеллект деген пайда болды.

Журналистиканың тағы бір этикалық ережелерінің бірі – шындықты іздеу, айту және сенімді ақпаратқа жүгіну. Егер сіз жаңағы жасанды интеллектіде нақты ақпаратты таппасаңыз, оның авторы кім екенін білмесеңіз, айтпасаңыз, ашықтық болмаса, онда қалай сенімді журналистикаға айналамыз.



Нәзия ЖОЯМЕРГЕНҚЫЗЫ,  
Түркітілдес журналистер қорының президенті:

## «ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРГІМІЗ КЕЛЕДІ»

- Кезекті форумның көздегені не еді, діттеген мақсатына жете алды ма?
- Түркітілді журналистердің халықаралық форумында бір ғана мақсат бар, ол болса түркі әлемінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, отандық журналистиканың, жалпы қазақ журналистерінің біліктілігін арттыру. Соның өзінде қазақ журналистерінің білімі мен білігін әлемдік деңгейге көтерсек дейміз. Міне, сол мақсатта Түркітілдес журналистер қоры 10 жылдан бері жұмыс істеп келе жатырмыз.

Тілші-журналистерге арналған семинар-тренингтерден тартып, шет елдерде тәжірибе алмасу турлары да соның ішінде.

Ал бүгінгі форумға келсек, халықаралық іс-шарамыз өзінің діттеген мақсатына жетті десек болады. Шетелдік, бауырлас түркі елдерінің және отандық БАҚ жетекшілерінің басын қоса отырып, қазіргі медианың ең өзекті деген мәселелерін жеке-жеке талқыладық. Спикерлеріміз өз саласындағы тәжірибелерін ортаға салды. Соған қоса, жалпы әлемдік трендтерден тартып, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға дейінгі нақты тақырыптар төңірегінде талқыладық. Шараға қатысушылар үшін бұл шынайы тәжірибе алмасу алаңы бола алды деп санаймыз.

– Кезекті форумның бұрынғылармен салыстырғанда басты жаңашылдығы қайсы?

– Бұрындары біз түркі әлеміндегі медиа бірлікті көбірек көтеріп келсек, кезекті форум басты бағытына туризм саласын да қосып отыр. Яғни форум түркі әлемінің медиа бірлігіне қоса осы ауқымды кеңістіктегі туризмді де ортақ дамыту мүмкіндіктерін қарастырды. Жалпы, туризм саласы бұл әлемдегі валютаны айналдырушы күш деген аты бар. Әлемде 1,4 триллион АҚШ доллары осы туризм саласында. Бұл дегеніміз, әлемдегі жалпы ішкі өнімнің 3 пайызын ұстайды. Мұндай мол табысты сала барлық елдің экономикасы үшін зор маңызға ие. Түркі әлемі өзінің медиа мүмкіндіктерін пайдалана отырып, осы саланы бірлесе дамыту мәселесі бүгінгі шарамыздың тағы бір жаңашылдығы болды.

– Игі бастама алда қандай жоспарлар құрып отыр?

– Қор аясындағы іс-шараларымыз жыл бойы жалғасып келеді. Жыл соңына дейін де жоспарымызда бірнеше маңызды іс-шараларымыз тұр. Алдағы уақытта да біз отандық журналистиканың дамуына әсер ететін жобаларды жалғастыра береміз. Бұйырса, V Түркітілді журналистердің Халықаралық форумы Алматыда және Брюссельде өтеді деп жоспарлап отырмыз. Осылайша журналистиканы дамытудың маңызын біз де білеміз. Дегенмен, осы жолы байқағанымыздай, отандық журналистиканың дамуында өңірлердегі БАҚ және мамандардың кәсіби біліктілігі аса маңызды. Сондықтан келесі форумға біз өңірдегі әріптестерімізді көбірек шақыратын боламыз.

– Істеріңізге сәттілік!

Бетті әзірлегендер Естай БОЖАН,  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙ: ПІКІР, ТІЛЕК ҰСЫНЫС

Мағрипа ЖЫЛҚЫБАЕВА:

# АЛТЫН АДАМ ЖӘНЕ ХАҢЛИ ГЕОМЕТРИЯСЫ



Мағрипа Жылқыбаева (1945–2019) – Есік қорғанынан шыққан Алтын адамның күміс зереншедегі 26 таңбасының шифрын кванттық физиканың көмегімен ашып, дүние жүзі тарихына қатысты орасан мол мәлімет ұсынған ғалым. 1970 жылы Қазақстандағы Есік қорғанынан табылған Алтын адам еліміздің символына айналғаны белгілі. Қазба жұмыстары кезінде Сақ қорғанынан төрт мыңнан астам алтын бұйымдармен бірге күміс тостаған шыққан. Тостағандағы 26 таңба көптеген ғалымдардың назарын аударғанымен, оның кілтін тауып оқып, ғылымға қажетті мол мәліметті шығарған ешкім болмады. Тек 1980 жылдардың соңында физика-математика ғылымының кандидаты, доцент Мағрипа Жылқыбаева тостағандағы әр таңбада ғылыми формула бар деген тұжырым жасап, Алтын адамды зерттеуге 30 жыл ғұмырын жұмсады. Осы тақырыпта «Алматы ақшамы» газетінде берілген танымдық материалдан кейін («Алтын адамның аманаты», «Almaty aqshamy», №42, 21.04.2022 ж.) редакциямызға хабарласып, автор мен оның ғылыми зерттеу еңбектеріне қызығушылық танытқан оқырман көп. Әйгілі 26 таңбаның құпиясын физика-математикалық әдіс-тәсілдермен зерттеген ғалымның көптомдық мұраларымен таныстыруды өтініздер де аз емес. Оқырмандар өтінішіне орай бүгін «Алтын адамның» әлемдік тұлғасын танытуға өмірін арнаған ғалымның «Алтын адамның мұрасы» деп аталатын кітабынан үзіндінің жалғасын ұсынып отырмыз.



(Жалғасы. Басы өткен санда)

Астрономиялық мәліметтерге бойлап, қызыққан сәтте тарихи мәліметтерін төге салды. Біздің мамандық тарихшы емес қой. Тарихшы болмасақ та қызыға зерттедік. Этнос туралысы тіпті де керемет екен. География мен биосфера жайындағы тың жаңалықтары бізге физик екенімізді ұмыттырып, елітіп екетті. Аспан күштері жайлы алғаш рет осы жазудан оқып білдік. Дегенмен, қазір айтуға оңай болып көрінер бұл жұмысты осындай жеңілдікке жеткізгенше де өзіміз өліп-тірілген едік. Тозақтың не екенін, тіпті онда отырып көрген жалғыз планеталық секілдіміз. Беттің деформациялануы содан болды. Кісі жаны шектен тыс азапқа салынса, оның сүйектері де деформациялана бастайды.

Сонымен, күміс зереншедегі 26 таңбаның сыры ашылып оқылғанша 13 жыл өтті. Біздің өмірдегі ең тозақты 13 жыл сол. Оның бірінші жылында кара шашым аппақ болды. Саусақтың тырнақтарына дейін деформациялануы үшінші жылында көрінді. Сөйте-сөйте бет-ауыз да адам танығысыз болып бұзыла берді. Енді міне, «түрі жаман» кісіміз. Берген құрбандық аз дейсіз бе? Ешкім осылайша беріліп оқымаған соң да бұл 26 ТАҢБА сырын ашпай 33 жыл ұстады. Оны оқушының қайсысы да жай мәтін секілді оп-оңай түрде игере салуды көздеген ғой. Бұндай оп-оңайды Тас дәуіріндегілер ойластырмаған. Өздерінің кибернетикалық қабілетімен өлшеп жазғандай. Бәрін де БАИТИ тәсілінде беріпті. Бүгінгі компьютерлердің БАИТИ бөлімі сондай емес пе?

Бас жетпеген нәрселерді машинаның көмегімен шешкенін соңғы ғасырда ғана. Оған дейінгі өмірде «машина бастылар» аз болды ма? Тас дәуіріндегінің кез келгені «машина басты» болыпты. Жазуларына қарасан, сондайлық қат-қабаттыдан. Қат-қабатты жазуды ешбір тарихшың оқи алмасы аян. Сондықтан да біз ешкімді кінәлай алмаймыз. Жартастағы жазуларды да тек физик-математиктер

оқуы керек. Өзге мамандардың жүрісі босқа кеткен термен тең. Физиктердің де кез келгені ондай жазуға қызықпайды. Физика маманының ішінде жақсы оптик болса, сол ғана игере алады. Математикалық құпияларды білетін оптик керек.

Алтын адамның күміс зереншедегі 26 таңбасын оқып алған соң бұл өмірде жүрген түрколог, шығыстанушылардың кітаптарына көз жүгірту қажет болды. Кімнің деңгейі қандай екеніне физиктің көзімен де бір қарау керек қой. Айтуға ұят мәліметтерге тірелдік.

Анау «Казахстан. Летопись трехтысячелетий» деген кара кітапты 100000 данамен неге шығарғанына таңқалдық. Ресейлік қос доктордың берген кітабында бүкіл өзендеріңіз көшіп-қонып жүр ғой? Ефрат өзені ғана көшіп-қонбапты. Оның Солтүстік жағындағы Аракс өзені келіп «Амудария» болған. Иран оған қуана ма, қалай ойлайсыздар? Әрине, қуанады. Баяғыда Танаисти болған қазіргі Донның атауын бесінші сынып оқушысы да жете біледі. «Танаис – Сырдария» деп жазған россиялық екі ғалым доктор ше? Оксати – Ока өзенін де, Иахсарті дәриясын да, «Узбой» дегенін де, әйтеуір көшіріп-қондыра берген.

Біздегі екі дарияның атауын 7 өзенмен алмастырыпты. Бәрі де орнында ағып жатқан тірі өзендер. Кеуіп қалған арнасын сөз етсе де, кешірімді еді. Географиялық картада бадырайып тұрған Аракс атауын «Амудария» деп жазған дүмшелікке жол болсын. Ол да ештеңе емес-ау, өздерінің Ресей аумағында жатқан Чулым өзенінің орны мен Енисейдің географиялық орнын шатастырып, екі түрлі Сибирьдің аймағын да бажайлай алмауы кешірімсіз-ақ. Баяғы «андроновская культураны» ауызға алмақ болып бәрін солай бытпыратуда. Көне кезде өмір кешкен Шыңғыс ханды бұндай авторлар сауатты түрде көрсете ала ма? Орта мектептің географиясын білмейтін тарихшы түгілі, физик пен математиктер сондай сауатсыздығын көрсетсе қызметтен кетуі керек. Орта мектептің аттестатын қалай алған бұл докторлардың?

Осындай деңгейдегі «көшіп-қонған» өзендері бар бұл кітапты біздің университеттер Тарих факультеттеріндегі басты оқулық ретінде қалай ұстап жүр? Неткен сауатсыздық! Осындай шығармалардан білім алған студент Арменияға қыдырып барып, Аракс өзенін көргенде, «біздің Амудария» деп қуанса, ақындарыңыз оған жыр арнайды емес пе?

Өкінішке орай, мұндай «Аракс – Амударияның» авторлары бізде кумир ретінде жүреді.

Алтын адамның жазуы таза физикалық десе де болады. Бір қарағанда-ақ белгілі. Берілген таңбаның әрбіреуі белгілі түрдегі мәнімен орналастырылған. Сонымен бірге, оптикалық жақсы көріністе тұр. Әсіресе, осынысы маңызды болатын. Бізді бірден алаңдатқаны осы оптикалық көрінісі. Соған бола алданып, тұзаққа түстік. Бұл жазуды көрмей жүрген кездегі ішкі ізденісіміз бірден сәйкес келіп, алдап түсірді. Қуантты да, жылатты да.

Бұндағы 26 таңбаның бәрі де бізге ертеден таныс-тын. Физиктердің қай-қайсысы да ондай әріптерді көріп те, пайдаланып та жүр. Күміс зереншедегімен оның айырмасы сәлпәл «түзетілген» түрлерінде ғана. Әйтпесе, интегралды білмейтін студент жоқ қой. Пифагордың түбірлік белгісін білмейтін мектеп оқушысы бар ма? Күміс зереншедегі 26 таңбаның арасында бірде-бір бөтен әріп кездеспейді. Қазақ орта мектебін ерте кезде тәмамдаған кез келген тракторист көрсе де есіне түсіріп беретіндей оңай. Орта мектепте дұрыс оқымай докторлық атаққа ие болғандарға, әрине ол 26 таңба таныс емес.

(Жалғасы бар).

РУХАНИЯТ



## «ТІЛ ШЕБЕРІ»

қалалық байқауы өтті

Алматы қаласы әкімі аппаратының Тілдерді дамыту және ономастика бөлімі ұйымдастырған «Тіл шебері» қалалық байқауы рухани жаңғыру мен қазақ тілін, мәдениетін дәріптеудің маңызды алаңына айналды. Бұл байқау Алматы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №4/617 «Алматы қаласының Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында өткізілді. Байқау Қазақстанның көпұлтты, көптілді қоғамында рухани байланыстарды нығайтып, қазақ халқының бай мәдени мұрасын жаңғыртуға бағытталған маңызды шаралардың бірі болды.

Ернұр  
РЫСБАЙ

Байқаудың басты мақсаты – үш тілді жетік меңгерген жас буынды қолдау, жастар арасында көптілділікті насихаттау және тілді меңгеруге деген қызығушылықты ояту. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру – қазіргі қоғамда бәсекеге қабілетті, көп қырлы дамыған тұлға болудың негізгі көрсеткіштерінің бірі. Осы арқылы байқау жастардың өзіндік болмысын сақтай отырып, өзге тілдер мен мәдениеттерге ашықтығын қолдап, үш тілді меңгерген көпқырлы, рухани бай тұлғаларды қалыптастыруға ықпал етеді.

– «Тіл шебері» байқауы төрт кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – «Ұлттаным», мұнда талапкерлер қазақ елінің тарихы мен ұлы тұлғалары жөніндегі сұрақтарға қазақ тілінде жауап береді. Бұл кезеңде қатысушылар қазақ халқының бай тарихи мұрасына терең бойлап, ұлт мәдениетін құрметтеу мен ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың маңыздылығын көрсетті.

Екінші кезең – «Мәдениеттаным», қазақ халқының салт-дәстүрлері, ділі мен тілі жөніндегі сұрақтарға орыс тілінде жауап беру арқылы жастар қазақ мәдениетін өзге тілде жеткізе білу шеберліктерін шыңдады. Үшінші кезең – «Елтаным», онда қатысушылар қазақ елі мен оның аймақтары туралы ағылшын тілінде жауап беріп, еліміздің бай мұрасын шетелдік аудиторияға жеткізе білу қабілеттерін танытты.

Соңғы кезең – «Өнертаным», мұнда әр талапкер өз таңдауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде өнер көрсетті. Бұл кезеңде жастар өнердің әртүрлі қырларын, ән айту, көркемөз оқу, би билеу арқылы өздерін еркін таныту мүмкіндігін алды, – деді Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Бақыт Қалымбет.

Байқауға көрермен және құрметті қонақ ретінде мемлекеттік мекемелердің ресми өкілдері, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен акын-жазушылар, өнер қайраткерлері, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, БАҚ өкілдері, әдебиет сүйер қауым, студент жастар мен оқушылар шақырылды. Осындай ерекше қатысушылардың қатысуы мен қолдауы шараның рухани маңыздылығын арттырды. Көпшілікке арналған мәдени және танымдық іс-шара ретінде бұл байқау қатысушыларға тек тілдік білімдерін ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Қазылар алқасының құрамына белгілі тілші ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, аударма ісінің кәсіби білікті мамандары кіріп, байқауға әділ бағасын берді. Әділқазылар әр кезеңде қатысушылардың тілдік білім деңгейін, тарихи және мәдени білімдерін, сондай-ақ өнерлерін бағалаған. Осындай кешенді бағалау байқаудың әділ өтуін қамтамасыз етіп, ең лайықты жеңімпаздарды анықтады.



## ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Өнер үшін туған адам халық үшін де өлшеусіз ырыс, бақыт. Тәңірдің жазуы солай ма, олар түрлі жағдайда маңдайға сыймай кетеді. Бәлкім, жасампаз жүйріктің, жайсаң жампоздың ғазиз жүрегі мынау қу тірлікте бірінен соң бірі туындап жататын әділетсіздік атаулының сан түріне шыдас бермей жанартаудай жарылады. Бірақ оның өмірдегі, өнердегі орны, тұғыры уақыт алға озған сайын биіктеп бара жатады.



# СІЗДІҢ ЖҮРЕГІҢІЗ ЖЕТПЕЙДІ

(Ұлы актер Әнуар Молдабеков туралы сағыныш сөз)

Таланттың жерге шыр етіп түскеннен жүп жазбай келе жатқан жалғызы – шындық. Таланттың алдында бәрі тәуелді, пендеге айналатынына таяуда бір тарланбоз дүниеден өткенде тағы бір мәрте көз жетті. Бәрін жүрегіне жиып, бір күні жарылу талантқа ғана тән жаратылыс екен. Әмсе, талант екі түрлі. Мінезді, мінезсіз. Мінездісінің өмірі ұзақ. Себебі, болмысы ұлы қасиеттерге, адамгершілік, эстетикалық категорияларға негізделген. Бұлар ешкімге илікпеген, иліге қоймаған. Таза өнер төккен. Пенде ғой, болған шығар – заманды жырлау, уақыт талабына сай ізденіс таныту деген сияқтылар. Бірақ анау айтқандай, тереңдемеген, жалпақтамаған. Сіз де сол ортадан ойып орын алғансыз. Сіздің жұлдызыңыз жоғары. Сәуле шашуы да бөлек, бөтен. Ал мінезсіздер – иліккіштер, уақытқа тез бейімделгіш, жағына да, жаза да білетіндер, іше де білетіндер. Оларды да кінәлауға болмас. Өмір ғой.

Сіздің алабөтен бақытыңыз да сол – енді өнердегі ғұмырыңыз ұзақ. Көңіл көк дөнен. Кей-кейде ойлайсың: шіркін, дүние дидарына бір сәт өнер адамының көзімен, көңілімен қарасақ қой, ол соншалықты сұлу, ғажап көрінер еді. Өздеріңіздей патша көңіл ағаларды көріп қалған сон ба, кейде осындай ақ сәулелі арманның жетегінде жүретінің бар. Соның бәрі қазір елес, бәрі сағынышқа айналып, сана сарғайтады. «Дүние-ай!» деп дүр сілкініп отыратын едіңіз. Кеуденде кір қалдырмайтын қандай ғана дариға дауыс еді сол.

Сонау бір жылдары дүниеден көшеріңізден бірнеше күн бұрын хабарласқанмызда Сіз: «Інім, сен менімен кездесуге асықпағын. Мен ойнаған спектакльдерге тағы да бір барғын, жарай ма? Сонан кейін мені түннің бір уағында оятып алсаң да дайынмын» деп едіңіз. Сол інім деген ізгілікке толы жүректен ыстық сезім, леп орап шыққан сөз тұла бойыма қаншалықты нұр құйғанын қазір жүрегім шымырлап сезеді. Көңіл алабұртып, сол асыл адамды, асыл актерді іздейді. Сіз мынау күңкілге, күндестікке негізделген қомағай қоғамнан тыс тазалық, рухи дүниесінде, алыс қиырларда ақ арманына кезігіп, шалқар кеңістікте құлашын кеңге жайып, көсіле шауып, еркін тыныстап рахат ғұмыр кешіп жатқандайсыз. Мынау бір күні жығып кетер, бүгін бар, ертең жоқ пәни жалған – дүние боқтың арзан, алдамшы, баянсыз қызығынан жырақ кетіп, жаныңыз жарқылға толып жүргендейсіз. Біз сияқты әлденеден үміт етіп жүрген пақыр-пенделерге солай да солай бір жүрек елжіретіп «інім» деп ауыз толтырып айта алмай жүрген, аузын ашса түк басқан жүрегі көрінбейтін кейбір ағаларымызды ойлағанда, Сізді еріксіз еске аламыз.

Тұла бойымыздан бауырмалдық, қазақылық қасиет қашып бара жатқан заман. Сіз өз тұстастарыңыздың, қазақ актерлерінің ішіндегі қазағының бірегейі едіңіз. Ұлт, ұлтжандылық деген сөздің баламасы болатынсыз. Сол бір қоңыр дауысты дәл қазір өлердей сағынып жүрген жай бар. «Әкем өлген кезінде де бұл мені, өртемеген сағыныш» дей ме, Төлеген. Мен де қазір сол ақ дариға ақын сезімін жиі бастан кешемін. Сіздей ағысы, арыны бөлек асыл адамдар еске алдырады бұл сөзді. Қазір баяғыдай аңсау мен сағынудан емес, кіл асығудан, ақша аңдудан, айлық күтуден тұратын пендешілік перделеген кезеңнің кескініне қарап отырып, сіздей жандарды ойлауға, еске алуға уақыт табатындар бар ма екен?

Сіз өнер босағасын аттап жатқандар үшін ұдайы адалдықтың ақ туындай, алдаспанын-

”

*Уай, тұлпар текті талант, өнердегі тазалықтың ақ туы – алдаспаны! Сіз мынау аз күндік жалғанда қыруар шаруа тындырдыңыз. Таза тудыңыз, дара шаптыңыз. Кей-кейде оңашада отырып тақырып туады.*

”

дайсыз. Білем, жұрт қазір мұндай «жылауық, жартыкеш, көкжасық сезімге құрылған» дүниелерді оқи бермес. Өнердің бағын ашатын, ой-сезіміңді бұлт арасынан шыққан күндей жарқ еткізетін романтикалық сарын қазір сарқыла бастады, білем. Шынайы эмоция өлген жерде өнер жоқ екенін қазір ойлай бермейтін болдык. Жұрттың оқитыны шым-шытырық оқиға, атыс-шабыс, тыр-жалаңаш бәдауи, алдамшы, тыз етпе сізмеге құрылған жартыкеш бірдеңелер болып барады. Лирикалық, интеллектуалдық өредегі суреткерлік, ұлттық сезім байлығы ортайып барады, білем. Дейтұрғанмен де, Сізді сағынып жүрген күнде сол сезімнің айдынына, пәк көңілдің кемесіне отырып алып өзіңіз секілді ұдайы алысқа ұмтылатындай, алысты аңсап тұратындай құлаш сермеп көрсем деймін. Қашанда сағыныштың серігі – сезім. Оған азды-көпті ерік берілгенде ғана сарытып болған сағыныш сейіледі.

Сіздің жан-дүниеңіздегі таңғы шықтай тазалық, көз жасындай мөлдірлік – ар, өнер

тазалығы кім-кімге де жарқын мысал еді. Тұла бойыңыз қарапайымдылықтан құйыла салғандай еді. Асыл жаралған, әннен жаралған жан екенсіз. Сіз туралы ойлаған жанның көмейіне өз-өзінен әдемі әуез, әспетті ән келеді. Асыл адамды ешкімде аласарта алмақ, жүрегінен өшірмек емес. Сізді күндердің бір күнінде қайтып келетін шығар деп, ертегідегі ағасын күткен інідейміз қазір. Бәлкім, шынайы өнерге шөлдегендіктен болар.

Бұл дүние кімге опа берген. Кім періште дейсіз. Жоқ, періште тағы да Сізсіз. Қазір шын жүректен шынайы бір өнер дүниесі туса, Сізге арналғандай болады да тұрады. Сіз тумасы тазалықтан тұратын еді дегенді қазір әріптестеріңіз жиі айтады.

Уай, тұлпар текті талант, өнердегі тазалықтың ақ туы – алдаспаны! Сіз мынау аз күндік жалғанда қыруар шаруа тындырдыңыз. Таза тудыңыз, дара шаптыңыз. Кей-кейде оңашада отырып тақырып туады.

Жазғыштар қазір тақырыптың астында қалған заман. Оның бәрін тисе терекке, тимесе бұтаққа деп топырлатып жаза да бермейсің. Талғам, талап та күшейген. Оқырман ойлы, қызуқанды, бұрыс кетсең өз обалың өзіңе. Қайсыбір күні орыс театрларын аралап шықтым. Сол баяғы ұлттық намыс, сезім оянған сықылды болып, бұл шіркіндер неге қазақ пьесаларын сахналамайды деген ой ғой. Сахналаған күнде бірлі жарымнан аспайды. Оның өзі де «өлексе» болып, көп ұзамай-ақ өмірден көшеді. Осының сыры неде деп жүрміз ғой баяғы. Сол жүріс, ауыр әңгімелер, ниет-пиғылдың соншалықты тарылып бара жатқанынан ба екен, өзімді біртүрлі жайсыз сезініп келіп, қисайған күйі қатып қалыппын. Өзіңізге деген сағыныштың тым тереңге тартқандығынан болар, Сізді түсімде көрдім-ау. Сол баяғы терең қалпыңыз, терең әңгімеңіз, жай сөздің өзін жасындай ғып айтатын жігерлі жойқын жаныңыз, жанып кететін жанарыңыз кейде мұңға толып, кейде от шашып, әріптестеріңіз жайлы жүрекжарды лебіздеріңізді бірінен соң бірін ақтарасыз келіп. Сізді өз тұстастары туралы көп айтады, терең толғайды дегенді жиі естуші едік. Шопенгауэр айтқандай: «Таланттың басын түптің түбінде мүжіп тынатын нәрсе – өз әріптестерінің үнсіздігі, әдейі үнсіздік». Сенека айтқандай, «қыжыл үнсіздік» деген сөз Сізге тумасы жат екенін қазір терең сезініп білгендейміз.

Қазіргілер бір бірі туралы әңгіме айтуға сараң десіп жатады. Әлгінде орыс театрларында болдым дедім ғой. Сондағылардың бір-бірін мақтасуын айтсайшы. Біздің өнердің бір сәтке тоқырап, өспей жатуының сырын да кейде осы тұстан іздеуге тура келеді.

Егер осы тұрғыдан келіп ой толғасақ,

Сізді көпшіл талант дейді. Асқар Токпанов айтқандай, «дорбаға көзін сатқан цирк аттарындай емес», тек еңбектенуді, өз жолыңызды, өз шамаңызды ғана білетін, ешкімнен ештеңе де дәмеппей, тексіздік танытпайтын текті талант едіңіз. Бәрін жазғыра беруге болмайтын шығар. Біздің қазір кейбір таланттарымыз көлеңкеде өскен гүл сияқты күн кешіп келеді.

Сол түс келте болып, жаным жабырқау тартып ояндым. Қазіргі кез тек өнер төңірегінде ғана ой толғап, қалам тербеп рахат ғұмыр кешуге жазбаған. Күйбең болып кеткенбіз. Көршімнің есектей ессіз иті сол тәтті, терең түсті талақ етті, тәрк етті. Мұндай түстер көру қазіргі заманда сирек. Манайының бәрі «ит» секілді, асқақ Асқар Сүлейменов айтқандай «ит өмірдің бір түрі қанат жайып келеді». Қазір театр таусылып тұр.

Бәлкім, сіздердің қатарыңыз сиреп бара жатқаны сезіле ме? Бәлкім, бұл да бір өнердің уақытша тоқырауы, уақыт шіркіннің еркіне еріксіз бой алдыруы ма? Әлде өзімнен кейін шөп шықпасын дегендік пе?

Әйтеуір кешегі бұғалық салдырмас асау өнер қазір алқынғандай, арнасы тартылғандай күйде. Экономикада, саясатта бетбұрыс байқалады. Ал өнер әлі сол баяғы өлі балықтың күйін кешіп келеді. Солай, қазір рухани экология деген термин өмірімізге алшандай басып, батыл еніп барады. Бәлкім, театрға жалтақтықтың, жасандылықтың жанын жаханнамнан бір-ақ шығаратын сіздей асау, алдаспан актерлер аздық етіп жүр ме? Бәлкім, бәлкім... Театр барған сайын жүрегіміздің бір түкпірі жылып, сыздап жүреді. Театрға барған сайын, бір актер көрген сайын, жаның төзбес халтураға, дәлдүріштікке бет бұрғандарды, ұлттық өнерді арзандаға бастағандарды жолықтырған сайын, жалпы әділетсіздік атаулының дәмін сезіп, ащы шырынын жұтқан сайын Сіз елес бересіз. Сонда қазір біздің өнерге не жетпейді дейсіз. Көп қой, көп. Менің түсінігімде, Сіздің жүрегіңіз, мінезіңіз жетпейді...





## БРИФИНГ

## ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

Республикалық форумда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мәселесі көтеріледі

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте арнайы педагогтар үшін алдағы уақытта өтетін республикалық форумға дайындық барысы айтылды. Баспасөз конференциясына Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші сарапшылары қатысты.

Аталмыш іс-шара елімізде арнайы білім беруді дамытудың негізгі аспектілерін талқылау және талдау үшін маңызды алаңға айналмақ. Бұл форумның негізгі мақсаты – пәнаралық өзара іс-қимылды нығайту, озық технологиялар мен тәсілдердің интеграциясын қолдау, сондай-ақ халықаралық тәжірибе мен озық тәжірибелермен алмасу арқылы арнайы білім беру жүйесін дамытуға ықпал ету.

Форум мамандар негізгі проблемаларды талқылайтын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу жағдай-

ларын одан әрі жақсарту үшін іс-шараларды бірлесіп әзірлейтін алаңға айналады.

«Арнайы білім беру – бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмектесу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілік пен инклюзияның маңызды элементі. Форум бізге арнайы білім беру жүйесі қажет бағыттарды анықтауға және балалар мен олардың отбасылары үшін жағдайды жақсарту үшін практикалық шешімдер табуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті оңалту және жаңа технологияларды енгізу бөлімінің жетекшісі Зәуре Жангелдинова.

Форумды ұйымдастырушылар алдағы іс-шара арнайы білім берудің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту, сондай-ақ әрбір бала өз әлеуетін аша алатын ортаны құру жолындағы маңызды қадам болатынына сенімді.

«Форум қорытындысы бойынша Қазақстанның арнайы біліміне заманауи технологиялар мен тәсілдерді интеграциялау бойынша нақты ұсынымдармен және олардың тиімділігін бағалаумен жоспар әзірлеу жоспарлануда. Форум еліміздің барлық өңірлерінен 1000-нан астам қатысушының басын қосады, ал онлайн іс-шара форматы әртүрлі мамандардың кең қолжетімділігін және қатысуын қамтамасыз етеді», – деді арнайы мектептік білім беру зертханасының меңгерушісі Жанбота Аханова.

## МАМАН КЕҢЕСІ

## БАУЫРЫҢ БҮТІН БОЛСЫН

Вирустық гепатиттен қалай қорғануға болады?

Вирустық гепатит – вирустар тудыратын бауырдың қабыну ауруы. Алматыдағы №11 қалалық емхананың дәрігері Мөлдір Ибрагимова гепатиттің әр түрі түрлі жолмен жұғатынын айтады.



Мәселен, А және Е гепатиті ластанған тамақ пен су арқылы таралады, бұл негізінен санитарлық жағдайы нашар аймақтарға қатысты. Ал В, С және Д гепатиті кан арқылы, атап айтқанда, зарарсыздандырылған құралдармен инъекция, қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы, жеке гигиеналық заттарды ортақ пайдаланғанда жұғады, сонымен қатар анадан балаға жұғады.

М.Ибрагимованың айтуынша, әсіресе В және С гепатиті қауіпті. Өйткені, олар бауырдың созылмалы зақымдалуына, циррозға және қатерлі ісікке алып келеді. В және С гепатитінің белгілеріне сарғаю, оң жақ қабырға астындағы ауырсыну, жүректің айнуы және тәбеттің төмендеуі жатады. Бастапқыда ауру симптоматикалық болуы мүмкін, әсіресе балаларда. Емдеу гепатит түріне байланысты. А және Е гепатиті әдетте өздігінен өтеді, ал В және С түрі вирусқа қарсы терапияны және тұрақты бақылауды қажет етеді.

– Вирустық гепатиттің алдын алудың негізгі жолдарының бірі – вакцина салдыру, сонымен қатар гигиена, қауіпсіз медициналық процедуралар және қорғалған жыныстық қатынас. Вакцина және тұрақты тексерулер инфекция қаупін азайтуға және денсаулықты сақтауға көмектесетінін есте ұстаған жөн. В гепатитіне қарсы егу перзентханада туғаннан кейінгі алғашқы күндері жүргізіледі. Ал қайтара егулер баланың 2 және 4 айлығында жасалады. А гепатитіне қарсы екпе 2 және 2,5 жастағы балаларға жүргізіледі, – деп түйіндеді сөзін Мөлдір Ибрагимова.

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

## ШЕШУШІ СӘТ

75 МИНУТҚА СОЗЫЛДЫ немесе айына жүз сәбиге ота жасалады

Салмағы 4 кг шақалақ құйымшақ түбіне өскен үлкен ісікпен дүниеге келген. Патологияның бұл түрі қатерлі емес, бірақ өмірдің алғашқы айларында қатерлі ісікке айналуы мүмкін. Сәби туғаннан кейін бірден перзентханадан Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына жаңа туған нәрестелердің жансақтау бөліміне ауыстырылды.



Операцияға толық дайындық жасалғаннан кейін өмірінің екінші күнінде неонаталды хирургтар ісікті алып тастады.

– Бала ауруханаға тірек-қимыл аппаратының туа біткен кемістігі, яғни үлкен қатерсіз ісік – сегізкөз-құйымшақ аймағының тератомасымен түсті. Ісік сүйек тінінен, жұмсақ тіннен және кистозды қуыстан тұрды. 75 минутқа созылған ота сәтті өтті. Ісік алып тасталғаннан кейін көбіне ота жасалған аймақтың пластикалық хирургиясында қиындықтар туындайды. Бұл ретте бәрі сәтті өтті. Менің ойымша, біз пластикалық отаны сәбиге болашақта ыңғайсыздық тудырмайтындай етіп жасай алдық. Бала аман-есен үйіне шығарылды, – дейді Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирургі Жалғас Құниязов.

Жалпы, Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының іріңді-торакалды хирургия және неонаталды хирургия бөлімшесі 30 төсек-орынға есептелген. Мұнда еліміздің барлық аймағынан ата-аналар балаларын емдетуге әкеледі.

– Сегізкөз-құйымшақ тератомасы – неонаталды кезеңде балаларда жиі кездесетін ісік. Ол құрсақта қалыптасады және нәрестемен бірге өседі, үлкейіп келе жатып кейде ұрықтан маңызды дәруменді алып қояды. Біздің жағдайда түзілім 14\*20 см-ге дейін өсті, тератома толығымен жойылды, баланың жағдайы қанағаттанарлық және ол үйге шығарылды. Біздің Орталық айна 100-ге жуық жаңа туған нәрестеге ота жасайды. Жағдай айтарлықтай ауыр. Туа біткен ақауларға ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді: экология, климат, тұқым қуалаушылық, жұқпалы аурудың барлық түрі. Кемшіліктің айқын себебінің бірі әйел жүкті кезінде ауыратын вирустық инфекция екеніне көз жеткіздік, – дейді Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының бөлімше меңгерушісі Саматбек Мырзахмет.

## СӘТТІ ОТА

42 жастағы науқас Алматы қалалық кардиологиялық орталығына жедел жәрдем бригадасымен жедел миокард инфарктісімен жеткізілген. Қабылдау кезінде науқастың жүрегі тоқтап қалған. Дәрігерлер тобы дереу реанимациялық іс-шараларды бастайды.

## ТӨРТ РЕТ ТОҚТАҒАН ЖҮРЕК соғысы қазір қалыпты

Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің меңгерушісі Ғани Бугираевтың айтуынша, науқастың жүрегі 15 минут ішінде өміріне қауіп төндіретін аритмиямен төрт рет тоқтаған. Ауыр жағдайға қарамастан, реаниматологтар жүректің жұмысын қалпына келтіре алды. Бұл команданың жоғары кәсіби шеберлігін талап етті, өйткені әр секунд санаулы-тын.

Науқастың жағдайы тұрақтанғаннан кейін оған жедел коронарография жасалды. Бұл коронарлық артериялардың жағдайын бағалауға және олардың зақымдану дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін диагностиканың маңызды әдісі.

Тамырлардың сыни тұрғыдан зардап шеккенін білгеннен кейін дәрігерлер жүрек бұлшықетіндегі қан айналымын қалпына келтіру



үшін шұғыл ота жасау туралы шешім қабылдады.

Науқастың өмірін сақтауда шешуші рөлді бүкіл команда, яғни реаниматолог, интервенциялық хирург және анестезиологтың үйлесімді жұмысы атқарды. Ғани Бугираев мұндай жағдай тек кәсіби дағдыны ғана емес, психологиялық тұрақтылықты да қажет ететінін атап өтті.

## БӘРЕКЕЛДІ!

## ҰЛТТЫҚ АККРЕДИТТЕУДЕН АБЫРОЙМЕН ӨТТІ

Алматыда орналасқан Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты үш жылдан кейін қайта бағалаудан өтіп, Ұлттық аккредиттеудің жоғары санатын тағы да растады.

С.Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығының сараптамалық тобы аталмыш институтта сыртқы кешенді бағалау жүргізген болатын.

«Осы жылдың шілдесінде институт халықаралық стандарттарға сәйкестігін растады және JCI қайта аккредиттеу рәсімінен өтті. Ал қазан айында Ұлттық аккредиттеу біздің клиниканың халыққа тиімді және қауіпсіз медициналық қызмет көрсетудің

жоғары деңгейін растады. Ұлттық аккредиттеудің жоғары санаты институтқа алғаш рет 2021 жылы берілген болатын. Сапа критерийлері мен ұлттық стандарттарға сәйкестігі, қызметкерлердің жоғары кәсібилігі бізге жоғары санатты тағы да растауға мүмкіндік берді», – дейді Кардиология және ішкі аурулар F3I басқарма төрағасы Марат Пашимов.

Ұлттық стандарттар бойынша стратегиялық және кешенді

жоспарлау, пациенттерді емдеу және күту, пациенттердің ғимараттың қауіпсіздігі, инфекциялық бақылау, пациенттердің құқықтары мен этикалық нормаларды сақтау, сапаны, тәуекелдерді, қаржыны, адами ресурстарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды басқару, еңбекті қорғау, жұмыс орнындағы қауіпсіздік және т.б. бағаланды.

Клиника басшысы атап өткендей, дәрігерлер, мейіргерлер және әкімшілік – бәрі бір команда және халыққа жақсы көмек көрсету, оны қауіпсіз және тиімді ету үшін бірлесіп жұмыс істейді. Аккредиттеуден абыройлы өту айтулы медицина ұжымын одан әрі шабыттандыра түскені анық.

Бетті әзірлеген  
Нұржамал ӘЛШЕВА





# БІЗ БІЛЕТІН МҰРАТБЕК

1996 жылдың ақпанында Алматыға барып, «Егемен Қазақстан» газетінің Ақмола облысы бойынша меншікті тілшісі лауазымына тағайындалғаным туралы бас редактордың бұйрығын алып, ізінше Торғай облысы әкімінің баспасөз-хатшысы қызметімен хош айтысып, яғни есеп айырысып, артынып-тартынып Ақмола қаласына да жеттім. «Егеменнің» осындағы тілшілер қосыны облыс әкімдігі орналасқан ғимараттың 6-шы қабатынан қоныс тепкенінен хабарым бар-туғын. Таңертеңгі сағат 9-дар шамасында іздеген кабинетіме келсем есігі жабық тұр екен. Ақмолада, оның ішінде боса-болмаса әкімдікте жан баласын танымаймын, сондықтан есік алдында күтуден өзге амалым да жоқ еді. Дегенмен, сарыла күтіп сарғайғаным жоқ. Көп ұзамай үстіне ұзын дубленка киген, қолтығында бір құшақ газеті бар бір жігіт келді. Бойы шағын болғанмен адымы үлкен. Дәу де болса іздегенім осы адам шығар деп амандасуға ыңғайлана беріп едім, жаңағы жігіттің өзі-ақ «Сей-фолла Шайынғазин боласың ба? Редакциядан хабарлап айтқан келетінінжі» деп самбырлап қоя берді. Сөйтсем, Мұратбегім аңқылдаған, адам жатырқамайтын ақкөңіл жігіт екен. Сол жерде бір-бірімізді ертеден білетін көзқанық адамдардай қол алысып шұрқырай амандастық. «Егемен Қазақстанның» Ақмола облысы бойынша меншікті тілшісі Мұратбек Тоқтағазинмен таныстығым осылай басталды.

## «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын»

Жалпы, Мұратбектің ұйымдастыру қабілеті керемет. Қандай шаруа болмасын опай-топайын шығарады, кей-кейде мәселе шешуге келгенде сөйлескен адамының «шәпкісін теріс айналдырып» жіберетін кездері аз емес. Мұратбектің мұндай қабілеті әсіресе, газетке жазылу науқаны басталған шақта айтарлықтай нәтижесін беріп жатады. Бір мекемеге барып 200 дана газетке жазылуға жағдай туғызғаны есімде. Бұл бір мекемеден ғана!

Мұратбектің іскерлігі әсіресе, «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясын Алматыдан Ақмолаға көшіруге дайындық жұмыстары барысында үлкен пайдасын тигізді. Редакция өз қызметкерлеріне баспана дайындау үшін Ақмолада жаңадан бой көтеріп жатқан үйлерге үлескер ретінде қаржы салып, бірнеше пәтерді алдын ала меншіктеп қоймақ болған уақыттарда сол үйдегі пәтерлерді белгілеуге де Мұратбек тікелей атсалысып, редакция қызметкерлеріне тиесілі пәтерлердің бірінші немесе соңғы – бесінші қабаттан болмауын қамтамасыз етті.

Сөз орайында айта кету керек, пәтерлер дайын болған кезде Мұратбек бір құшақ кілтті қалтасына салып алды да, мені дедектетіп жаңағы үйге алып барды. Сөйтті де, «Секе, меншікті тілші ретінде осы Ақмолаға біраз еңбегіңіз сіңді, мына пәтерлердің ішінен ұнаған біреуін өзіңе белгіле, сол пәтер сіздікі болады» деді. Сөйтіп, мен Мұратбектің қамқорлығының арқасында үшінші қабатта орналасқан бір пәтерге ен салдым. «Егемен Қазақстанның» бұрынғы Целиноград аудандық партия комитеті орналасқан ғимаратты иеленуіне де қала жағдайын жақсы білетін Мұратбек елеулі үлес қосты. Ғимарат көнелеу демесең, есесіне оңаша орналасқан мекенжай болатын. Соның арқасында газет басшылығы (ол кезде «Егемен Қазақстан» газеті) АҚ президенті Сауытбек Абдрахманов болатын) кейін сол жерден редакция үшін сегіз қабатты жаңа ғимарат тұрғызып, өз қызметкерлеріне арналған жатақхана да салып алды. Ал төрт қабатты үйдің бірінші қабатында қоныстануға мәжбүр болған «Казахстанская правда» газетінде ондай мүмкіндік болған жоқ.

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген әдемі сөз бар. Жанында жүрген адамға жақсылық жасау, қолынан келгенше көмектесу сияқты ізгі қасиеттер Мұратбектің бойынан молынан табылып жататын. Есігі жабылмайтын, дастарханы жиылмайтын ауылдан шыққан азамат болғандықтан шығар дейін десен, бәріміз де ауылдан шықтық, бірақ ауылдан шыққандардың да бәрі бірдей ақкөңіл, жомарт бола бермейді. Мұратбек көпшіл жігіт,



қонақжайлылық қасиетті де Құдайым аямай-ақ берген. Аңқылдап, жаркылдап жүретіні де сондықтан.

## Қара «Волга» несінің «коронный» нөмірі

Тоқсаныншы жылдардың аяғында елдегі жағдайдың ауыр болғаны көпшіліктің жадында болуы тиіс. Жалақы аз. Сол мардымсыз жалақының өзі кейде уақытылы қолға тимей жатады. Мұндай күрмеулі түйіндер аты дардай «Егемен Қазақстанды» да айналып өте қойған жоқ. Айлықты уақытында алып тұрғанымызбен, қаламақы едәуір кешіктіріліп берілетін. Ал жалақы болса, жоғарыда айтып өткенімдей, жоқ-жітігінді жабуға толық жете бермейді. Сондай сәттерде мен сияқты «босқын» емес, «абориген», яғни жергілікті тұрғын ғой деп Мұратбектен қарыз сұрауға тура келеді. Обалы не керек, ондайда Мұратбек сұраған ақшанды қалтасынан суырып береді де, онымен де қоймай, «Секе, ақша қажет болып жатса, Мәдинадан сұрап ала беріңіз, басқаға бермесе де сізге береді ғой» деп қарыз сұрап алақан жайғаның үшін қысылып тұрған өзінді аяқ астынан риза қылып тастайды.

Мұратбек қара «Волгамен» жүреді. Егер қателеспесем, сол уақыттарда Ақмолада қара «Волгасы» бар біздің Мұратбек пен облыс әкімі Браун ғана. Бар айырмашылығы Браундікі жаңа, ал Мұратбектікі ескілеу. Қанша дегенмен, журналистің жүрісі көп қой. Жүріс демекші, өзінің «коронный нөміріне» салып адымдап кетсе Мұратбекке шамалы «Волгаң» жете де алмайды. Сирақтан кенде емес менің өзім кейде көшеде келе жатқанда Мұратбекке эзер ілесіп отырам.

## Журналист ретінде көпшілікке танылдық

Жоғарыда атап өткенімдей, Мұратбектің міндеті жұмыстарды ұйымдастыру да, менің міндетім хабар-ошар, мақалалар жазу. Қаладағы тілшілер қосынын басқаратын да сол. Әйтеуір тыным жоқ, әрілі-берілі шапқылайды да жүреді. 1997 жылдың соңына таман Президент Әкімшілігі, Үкімет, Парламент толықтай Ақмолаға көшіп келді. Соған орай жиналыстардың да саны арта түсті. Бұрын облыс орталығында өткен басқосулардан Алматыға материалдар жіберіп тұрсақ, ендігі жерде мемлекеттік деңгейдегі мекемелерде өткен жиындардан материалдар жазатын болдық. Мұратбек адам жұмсаудың да небір айла-тәсілдерін біледі. Бәлен жерге барасың демейді, ойын сыпайылап, кейде әзілдеп емеурінмен жеткізеді. Президент Әкімшілігінде жиналыс өтеді екен деген хабар жетсе болды, Мұратбек маған келіп, «Секе, Президент өзіңізді көргісі келетін көрінеді, барып қайтуға қалай қарайсыз?» дейді ақырын ғана жымиып. «Е, мені сағынып жатса барайын» деймін мен де өз кезегімде.

Әділін айтсақ, Ақмолаға мен ай қарап, жұлдыз санау үшін емес, мүмкіндігіне қарай материалдар жазып, өзімді көрсетіп, журналист атану үшін келдім. Сондықтан жина-

лыс па немесе басқадай бір іс-шара ма, барып қатысып мақала жазудан қаша қоймайтынмын. Бар деген жерден қалмай, жағалай шапқылап жүріп шатпақтап материалдар жаза беруімнің ақыр соңында өзіме де пайдасы тиді. Журналист ретінде көпшілікке танылдық, редакция басшылығы мынаның қолынан бірдеме келеді екен дегендей, маған сенім білдіре бастады.

Қашан көрсең Мұратбек тыным таппай бір шаруалармен айналысады да жүреді. Бәріне үлгереді. Ақмоланың ана шетінен бір, мына шетінен бір шығады. Сондай себептермен тілшілер қосынына да мен сияқты сағат таңғы 9-дарда келе бермейді, уақыт түске тақағанда ғана бой көрсетеді. Мен болсам түк бігірмесем де таңғы 9.00-де жұмысқа келіп, кабинетте отырам. Дағды солай. Облыстық «Арқа ажары» газетінің редакциясымен бір ғимаратта отырған уақыт болатын. Жаңағы газет қызметкерлерімен қабаттасып автобустан түсіп жатсам, жігіттердің бірі «Секе, сіз меншікті тілші емессіз бе, жұмысқа асықпай кейінірек келуге болмай ма? Ертелетіп келе жатқаныңыз қалай?» деп маған ескерту жасағаны да бар. Жалпы, сағат 9-да жұмыс орнында болу бойға сіңген дағды. «Егемен Қазақстанда» қызмет істеп жүрген жылдарда менің сол әдетімді білетін кейбір жігіттер «Секеңе қарап сағатты түзетіп отыруға болады» деп әзілдейтін.

## Сыйластығымызға сызат түскен жоқ

Менің ертелетіп жүретін дағдыма қатысты бір қызық оқиға да болды. Бір күні сағат шамамен 12.30-дарға жақындағанда адымдай басып тілшілер қосынына Мұратбек кіріп келді. Сәлемдескеннен кейін Мұратбектің «Секе, қалай жұмыс істейміз бе?» демесі бар емес пе. Сол кезде қарным шұрқырап отырған мен «Мұратбек, жұмыс істейік десең мен сияқты таңертеңгі сағат 9-да кел, сосын жұмыс істейік. Ал қазір талтүс болды, үйге барып, түскі асымды ішіп, аздап демалуым керек емес пе» дедім оның ұсынысының қисынсыздау екенін ескерткен сыңаймен. Ондайда сөзден тосылатын Мұратбек пе, «Білем ғой, Секе, сіздің жұмысқа уақытында келетініңізді, әншейін не дейді екен деп қалжындап жатқаным ғой» деп қарқылдап тұрып күлді. Кез келген жерден жол тауып кететін, қатты сөзге, дөрекі мінезге бармайтын адамға қалай ренжисің. Бірге жұмыс істеген жылдарда Мұратбекке бірде-бір рет ренжіп көрмеппін, қандай мәселе туындап жатса да бірдей көзқарас танытып, ортақ тіл табыса білдік, соның арқасында сыйластығымызға да сызат түскен жоқ. Сол сыйластық әлі күнге жалғасып келеді.

## Өзі ғалым, өзі профессор

Мұратбектің еңбекқорлығы ақыры өз нәтижесін берді. Іздене жүріп кандидаттық диссертация қорғады, ғылым жолына түсіп профессор атанды. Бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде еңбек етеді. Көптеген монографиялар мен басқа да маңызды еңбектер жазды. Ғылым жолына түскенімен Мұратбек бір кездері өзі таңдаған журналистикасын да назардан тыс қалдырған емес. Небір ұлылар дүниеге келген сонау Семей өңірінің тумасы болып табылатын Мұратбектің астықты өлке – Целиноградқа келуі де кездейсоқтық емес.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін журналистика мамандығы бойынша тәмамдап жатқан кезде Целиноградтан арнайы барған облыстық басылым редакторының бірінші орынбасары, кейін облыстық «Арқа ажары» газетінің бас редакторы болған білікті журналист, атағы алысқа танылған атпал азамат Жомарт Әбдіхалықтың Мұратбекті аттай қалап алып келгенінен де хабарымыз бар. Біліміне парасаты сай, журналистиканың нағыз майталманы, бүгінде арамызда жоқ Жөкеңнің кім көрінгенді таңдамайтыны анық-тың.

Бір кездегі Целиноград, одан кейін өзінің тікелей атсалысуымен Ақмола атауын қайтарып, кейінірек еліміздің бас қаласы мәртебесіне ие болғанда Астанаға айналған қалаға 40 жылға жуық өмірін арнаған Мұратбек те 60 деген мерейлі жастың асқарына шығыпты. Бұл жасқа ол санда болғанымен санатта жоқ көптің бірі ретінде емес, еселі еңбегімен елеулі істер тындырған, ғылым мен шығармашылық саласына өзінің зор үлесін қосқан, жолдасын жолда қалдырмайтын, сыйласқанмен сыйласа білетін, көңілі дархан, пейілі кең, жаны жомарт, абзал азаматтығын сақтай отырып, арына қылау түсірместен жетті деп білемін өз басым. Отыз жылға жуық уақыт таныстығым бар мен Мұратбек туралы осылай ойлаймын және алдағы ғұмырында да оның өзі жеткен абырой биігінен көріне беретініне сенімім мол. Мұратбектей әріптес-досқа тілер тілегім де сол.

Сейфолла ШАЙЫНҒАЗЫ,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.





ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2024 жылғы 8 қарашадағы  
№4/530-2288 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін  
алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе  
өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен  
шығарудың басталуы туралы

- 2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2024 жылғы 8 қарашадағы  
№4/530-2288 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын  
жер учаскелерінің  
ТІЗБЕСІ

| P/c № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері                     | Жер учаскесінің ауданы, га |
|-------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------|-----------------------------------------------------|----------------------------|
| 1     | «КУСА Халық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                          | 20-317-011-105    | Түркісіб ауданы, 8 шағынауданы (аэропорт), 4 учаске | 3,6000                     |
| 2     | «КУСА Халық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                          | 20-317-011-114    | Түркісіб ауданы, 8 шағынауданы (аэропорт), 1 учаске | 2,2239                     |

ХАБАРЛАНДЫРУ

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ  
ПАЙДАЛАНУ  
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек  
2. Бөлмені желдету керек  
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады  
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жетел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртіні іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 8 қаңтар, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойын-тұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 432 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе [land@lmm.kz](mailto:land@lmm.kz) электрондық поштасы бойынша 2024 жылғы 9 желтоқсан, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голланд-тық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 8 қаңтар, сағат 09.00-де Алматы қаласы; Өуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойын-тұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 800 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Өуезов көшесі, 181, 17-п. немесе [lemon@lmm.kz](mailto:lemon@lmm.kz) электрондық поштасы бойынша 2024 жылғы 9 желтоқсан, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голланд-тық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12. E-mail: [rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: [rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША  
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70**  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**

E-mail: [alatauaqparat@gmail.com](mailto:alatauaqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**  
**Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –**  
**Құралай ЖҰМАДІЛОВА**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ПРОКУРАТУРА

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ТІРКЕУ  
Папиллярлық өрнектердің электрондық коды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылы 30 желтоқсанда «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №730 бұйрығымен аталған Заңның 10-бабының 3-тармағына және 32-бабының 1-тармақшасына сәйкес бекітілді.

Дактилоскопиялық тіркеу папиллярлық өрнектердің электрондық коды Қазақстан азаматтарының биометриялық паспортында және жеке куәлігінде болады. Бұл соттардың, құқық қорғау органдарының, атқарушы өндірістік, тергеу, жауап алу органдарының сұрауы бойынша жеке басты растау немесе анықтау үшін, мемлекеттік шекараны кесіп өткен тұлғаларды сәйкестендіру, жеке

адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Заңның 10-бабына сәйкес, міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеуге 16 жасқа толған:

- 1) өздеріне қатысты Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
- 2) Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
- 3) бірінші рет шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін алу үшін немесе оны қалпына келтіру, ауыстыру үшін жүгінген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
- 4) пана іздеген адам мәртебесін алу туралы өтінішхат берген, бірінші рет босқын куәлігін және (немесе) жол жүру құжатын алу үшін немесе оларды қалпына келтіру, ауыстыру үшін жүгінген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге шығарып жіберілету жатын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

6) Қазақстан Республикасының визаларын алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жатады (осы Заңның 39-бабына сәйкес, 6-тармақшасының күші 01.07.2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында визаларды және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне бармай электрондық форматта берілетін визаларды ресімдеу және беру бөлігінде тоқтатыла тұрады).

Дактилоскопиялық тіркеуге міндеттелмейтін азаматтар:

12 жастан кіші балалар тіркеуден өтпейді, 12–16 жас аралығындағы балалар жеке куәлік және паспорт алар кезде қалауы бойынша немесе ата-анасының келісімімен саусақ ізін тапсырады.

Қолы жоқ мүгедек азаматтар дактилоскопиялық тіркеуден босатылады, олардың паспортындағы биометриялық чипте электронды саусақ ізі туралы мәлімет болмайды.

Дактилоскопиядан өту үшін қажетті құжаттар:

- шетелдіктер жеке басын куәландыру құжатының түпнұсқасы және
- ЖСН (Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсатты ресімдеу кезінде).
- Сонымен қатар, саусақ ізін тапсырудан бас тартқан қазақстандықтарға 2 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдар Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 443-1-бабы бойынша елден шығарылады. Сондай-ақ, жеке куәлік пен паспорт берілмейді.

**Ф.Б.СПАНКУЛОВА,**  
Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры.



[www.instagram.com/aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)



[www.facebook.com/aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)



[web.telegram.org/k/#@aqshamy\\_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)



[www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA](https://www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA)





ФУТБОЛ

# «ҚАЙРАТ» – ЧЕМПИОН!

Алматылықтар ел біріншілігінде 5 рет күміс жүлдені, 3 рет қола жүлдені иеленген

Аты аңызға айналған алматылық клуб өз тарихында төртінші рет ел чемпионы атанды. Бір қызығы, бұл жеңіс команданың 70 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп тұр.

## Тарихтан бір тамшы сыр

1954 жылы құрылған клуб жарқын жеңістерімен жылдар бойы мыңдаған жан-күйерлерді қуантып келеді. Алматылық ұжым 1960 жылдан бастап Кеңес Одағының жоғары лигасында өнер көрсеткен жалғыз қазақстандық команда. Небәрі үш жылдан кейін кеңестік кеңістікте қауіпті қарсылас ретінде команданың аты шыға бастады. Клуб Николай Глебовтың жетекшілігімен КСРО Кубогының ширек финалына дейін жетті. Жарыстың бұл кезеңінде Донецктің «Шахтер» 1:2 есебімен есе жіберді. 1966 жылы алматылықтар федерациядан алғашқы сыйлығын алады – «Жеңіске деген жігері үшін». 1971 жылды да ерекше атап өткен жөн. Осы жылы тұңғыш рет бүкіл КСРО намысын қорғаған «Қайрат» Халықаралық теміржолшылар Кубогының ширек финалына дейін жетті. Алматылықтар румындық «Рапид» командасын жеңді, есеп – 1:0. Сырт алаңдағы ойын осындай жеңіспен аяқталды. Ал 1988 жылы КСРО футбол федерациясының Кубогын жеңіп алды. Бірақ «Қайраттың» күзден құлаған тұстар да жоқ емес. Клуб өз тарихында екі рет бірінші лигаға түсіп, онда жеңіске жеткеннен кейін жоғары лигаға қайта оралған. Бұл 1976 және 1983 жылдары болды. Ал жоғары лигадағы алматылық ұжымның ең жақсы нәтижесі – 7-орын. Ол кезде команда-



(Сурет: «Қайрат» ФК)

ның жетекшілігі Тимур Сегізбаевтың қолында болды.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, «Қайрат» Қазақстан біріншілігінде өнер көрсетеді бастады және алғашқы қадамы сәтті болды. Команда 1992 жылы егемен елдің алғашқы чемпионатында жеңіске жетті. Ал 2004 және 2020 жылдары бұл жетістікті қайталаса, өткен жексенбі күні ел футболындағы ең жоғары сатыға тағы да көтерілді. Оған қоса, алматылық ұжым Қазақстан кубогында 10 рет жеңімпаз атанған, бұл – ел рекорды.

## Соңғы түйенің жүгі ауыр

Жексенбі футбол сүйер қауымның назары көгілдір экранда болғаны анық. Себебі, бұл күні Қазақстан біріншілігінің осы маусымдағы шешуі 26-туры өтті. Соңғы жылдары футболға мұндай қызығушылық байқалмаған

болатын. Бірақ дәл осы күні ел чемпионы, жүлделі орындар мен еуропалық жарыстарға жолдама анықталатын болғандықтан, ерекше қызығушылық туды. Жарыс кестесіндегі жүлделі орындар мен халықаралық жарысқа жолдама үшін Қазақстанның бірнеше қаласында қызу тартыс болды.

Мысалы, өз алаңында «Тұранды» қабылдаған «Ақтөбе» жеңіске жеткен жағдайда былтырғыдай үшінші орынға көтерілуі мүмкін еді. Нәтижесінде батыс өңірдің командасы бұл мақсатына жете білді – 2:0. Еуропалық жолдамаға таласқан командалар қатарында – «Ордабасы» да болды. Шымкент қаласының ұжымы өз алаңында Семейден келген қарсыластарынан басым түсіп (2:1), өздеріне турнирлік кестедегі 4-орынды қамтамасыз етті. Қызылордада өткен өзге ойында қостанайлық «Тобыл» күтпеген жерден «Қайсарға» ұтылып қалды – 0:2. Бірақ жарыс-

тың ең қызықты ойындары – «Астана» мен «Жетісу» арасындағы кездесу өткен Алматы және «Атырау» мен «Қайрат» өзара мықтыны анықтаған Атырау қалаларында болды. Өйткені, мәреге алматылықтар мен елорда футболшылары бірдей-ақ жетіп тұрды. Чемпионат кестесінде «Қайрат» 44 ұпаймен бірінші, ал «Астана» 43 ұпаймен екінші болды. Атырауда қайраттықтар сүрінер болса, Григорий Бабаян шәкірттері ел чемпиондығын жеңіп кетер еді. Себебі, «Жетісуға» қарсы ойында елордалық ойыншылар бірінші таймда-ақ қайтарымсыз 5 гол соғып, матчтың екінші жартысында мұнайшылар қаласынан хабар күтумен болды.

Ал Атырауда тартыс пен таласқа толы ойын өтіп жатты. Тіпті, ойынның алғашқы жартысында есеп ашылмады. Ал екінші таймның басында «Қайраттың» үздік шабуылдаушысы Жоао Пауло өз командасына пенальти сыйлады. Оны Гиорги Зария мінсіз орындап, гол соқты. Дегенмен, ойын есебі өзгергеннен кейін матч тағы жарты сағаттай болды. Бұл уақытта жеңістің уыстан шығып кетуі әп сәтте еді. Бірақ қайратын көрсеткен «қайраттықтар» жеңіске жетті. Статистикаға сүйенер болсақ, алматылықтар ойын барысында қарсыласына қарағанда белсендірек болып, көбірек соққы жасаған, көбірек допты иемдене білген. Нәтижесінде қарсыласына есе жібермей, 0:1 есебімен басым түсті. Бұл нағыз лайықты жеңіс болды.

**P.S. Алматылық «Қайраттың» Қазақстан чемпионатындағы жеңісінен кейін Алматы символдарының бірі – Көктөбе телемұнарасы ел чемпиондарының түсіне боялды.**

Тасжүрек АНДАСОВ.  
Аударған Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ

ХОККЕЙ

# ҚАЗАҚСТАН – АЗИЯ ЖЕҢІМПАЗЫ!

Қазақстан құрамасы алғаш рет Алматыда өткен хоккейден Азия чемпионатының жеңімпазы атанды.

Досбол  
АТАЖАН

Алматы қаласындағы Halyk Arena спорт кешенінде хоккейден ерлер арасындағы алғашқы Азия чемпионаты аяқталды. Төрт команда өзара бақ сынаған сайыста қазақстандық хоккейшілер екі жеңіс, бір жеңіліспен үздік атанды.

Шешуші матчта Қазақстан командасы Жапониямен кездесіп, 5:1 есебімен басым түсті. Қазақстандық ойыншылар ішінен Рымарев екі рет және Наместников, Гребенщиков, Короллинский көзге түсті. Жапон спортшылары арасында жалғыз шайба авторы Ирикура болды. Нәтижесінде Қазақстан мен Жапония құ-



(Сурет: Қазақстан Хоккей Федерациясы).

рамалары алты ұпайдан жинады. Алайда, біздің хоккейшілер жеке кездесуде жеңіске жеткендіктен, бірінші орынға ие болды. Ал Оңтүстік Корея құрамасы овертаймда Қытайдан 2:1 есебімен басым түсіп, үшінші орынға ие болды.

**Азия чемпионатының турнир кестесі:**

Қазақстан – 6 ұпай;

Жапония – 6 ұпай;

Оңтүстік Корея – 4 ұпай;

Қытай – 2 ұпай.

Айта кеткен жөн, құрлық бәсекесі Халықаралық хоккей федерациясының (ИИХФ) қолдауымен өтті. Турнир 2025 жылы 7–14 ақпан аралығында Қытайдың Харбин қаласында өтетін Азия ойындарына дайындық жарыстары ретінде ұйымдастырылды.

– Біз бірінші ойындағы жеңілістен кейін қорытынды шығардық. Жанкүйерлерге алғысым мол, олар әрдайым бізді қолдаумен болды. Команданы қолдаған жерлестерімізге алғыс айтамын. Бірінші ойындағы сәтсіздіктен кейін де олар бізге теріс қарамады. Келесі мақсат – Азия ойындары. Бұл жарыста да мақсатымыз осы – бірінші орын, – деді команданың бас бапкері Олег Болякин.